



Еңбек қауіпсіздігі және  
еңбекті қорғау жөніндегі

# НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

# НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 8 (128) 2021

- Сіз жаңа тексеру парақтарын және еңбек заңнамасының сақталуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын жүктей аласыз. Оларды компанияңызда бұзушылықтардың бар-жоғын тексеру және барлық тәуекелдерді уақытында жою үшін пайдалануға болады.
- Денсаулық сақтау министрлігі жаңа санитарлық ережелерді бекіткені туралы білесіз. Нормативтік құжат объектілерді салу және пайдалану кезінде еңбек пен тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын талаптарды түсінуге көмектеседі.
- Біліктілік талаптары, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға қойылатын талаптар жайында, сондай-ақ осы саладағы аутсорсинг туралы сұрақтарға сарапшылардың жауаптарын ала аласыз.
- Сможете скачать новые проверочные листы и критерии оценки степени риска за соблюдением трудового законодательства. Воспользуйтесь ими, чтобы проверить, нет ли нарушений в вашей компании, и вовремя устранить все риски.
- Узнаете, что Минздрав утвердил новые санитарные правила. Нормативный документ поможет разобраться в том, какие требования к условиям труда и бытового обслуживания теперь придется соблюдать при строительстве и эксплуатации объектов.
- Получите ответы экспертов на вопросы о квалификационных требованиях, в том числе к специалистам по безопасности и охране труда, а также об аутсорсинге в этой сфере.

Электронная система  
«ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**  
на сайте [www.vip-kadry.mcfr.kz](http://www.vip-kadry.mcfr.kz)

**НОВОЕ** в электронной системе:

- Может ли сотрудница работать в период отпуска по беременности и родам?

# ПРИМИТЕ УЧАСТИЕ В ПРАКТИЧЕСКОМ ОБУЧЕНИИ

**10–11 августа**

**«Работа согласительной комиссии  
и трудовые споры»**

**16–17 августа**

**«Трудовые отношения в РК.  
Практика применения трудового  
законодательства»**

**20 августа**

**«Налоговые проверки.  
Критические нарушения, их предотвращение  
и обжалование»**

**24–25 августа**

**«Кадровое делопроизводство  
на государственном и русском языках  
с изменениями в ТК РК в 2021 году»**

**26–27 августа**

**«Работа согласительной комиссии  
и трудовые споры»**



## АКЦИЯ 2+1

При участии двух  
слушателей в онлайн  
семинаре – участие  
третьего в подарок!

Тел.: +7 777 273 32 28;  
+7 702 953 01 07  
[www.seminar.mcfr.kz](http://www.seminar.mcfr.kz)

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»  
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова  
Редакция тематического направления  
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:  
Руководитель тематического направления –  
С. Е. Сергеенко  
email: otk@mcf.kz

Главный редактор – С. А. Крафт  
Литературный редактор текстов  
на казахском языке – А. Н. Мамиева  
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,  
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,  
офис 712

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)

e-mail: otk@mcf.kz

www.kadry.mcf.kz

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – С. Талгатов

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)

email: bm2@mcf.kz

Отдел адресной подписки и сбыта

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcf.kz, info@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

email: sb1@mcf.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантикеева

email: support@mcf.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

• по online-заявке – www.kadry.mcf.kz

• в редакции в отделе адресной подписки

• по каталогам (подписной индекс – 74315)

– «Казпочта»: почтовые отделения

– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87

– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ  
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом  
информации и архивов Министерства культуры  
и информации Республики Казахстан.

Мнение редакции может не совпадать  
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных  
в журнале, допускается только с письменного  
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-  
вых актов идентичны*

*официально опубликованным версиям.*

Редакция не несет ответственности  
за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе принимаются в течение 10 календарных дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».

Юридический адрес: 050009, г. Алматы,  
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,  
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,  
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcf.kz,  
info@mcf.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан

№ 8 (128) 2021

*Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі*

## НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

## НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года  
Периодичность – 1 раз в месяц

*по безопасности и охране труда*

**«Еңбек қауіпсіздігі  
және еңбекті қорғау  
жөніндегі нормативтік  
актілер» журналының  
редакциялық кеңесі:**

**Редакционный совет  
журнала  
«Нормативные акты  
по безопасности и охране  
труда»:**

**Оспанқұлов  
Төлеген Қапақұлы,**  
Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеу-  
меттік қорғау министрлігі  
Еңбек, әлеуметтік қорғау  
және көші-қон комитеті  
төрағасының орынбасары

**Оспанкулов  
Төлеген Капакович,**  
заместитель председателя  
Комитета труда, социаль-  
ной защиты и миграции  
Министерства труда и соци-  
альной защиты населения  
Республики Казахстан

**Беккер  
Владимир Робертович,**  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
Төтенше жағдайлар  
жөніндегі комитетінің  
төрағасы

**Беккер  
Владимир Робертович,**  
председатель Комитета по  
чрезвычайным ситуациям  
Министерства внутренних  
дел Республики Казахстан

**Сәдуақасов  
Нұрқан Олжабайұлы,**  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министр-  
лігінің Тауарлар мен көр-  
сетілген қызметтердің сапа-  
сы мен қауіпсіздігін бақылау  
комитеті төрағасының  
орынбасары

**Садвакасов  
Нуркан Олжабаевич,**  
заместитель председателя  
Комитета контроля качес-  
тва и безопасности това-  
ров и услуг Министерства  
здравоохранения Респуб-  
лики Казахстан

**Құнанбаев  
Нұрбек Сейітқамзаұлы**  
«Серіктес» апаттан  
құтқару қызметі» ЖШС-нің  
директоры

**Кунанбаев  
Нурбек Сейткамзинович,**  
директор ТОО «Аварийно-  
спасательная служба  
«Серіктес»



Еңбек қауіпсіздігі және  
еңбекті қорғау жөніндегі  
**НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

## МАЗМҰНЫ

### Маманнан сұраңыз

ЕҚЖЕҚ жөніндегі маманға қойылатын біліктілік талаптары

3

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша аутсорсинг үшін құжаттарды ресімдеу

4

Қорықшыларға қойылатын біліктілік талаптары

6

### Заңнамаға шолу

Тәуекелдерді бағалаудың жаңа өлшемшарттары мен тексеру парақтары: тексеруге дейін бұзушылықтарды жою үшін салыстырып тексеріңіз

8

### Өрт қауіпсіздігі

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған оқу орталықтарына қойылатын біліктілік талаптары

22

### Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындаудың жаңа әдістемесі

24

### Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтер

Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

35

### Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидаларының жаңа редакциясы

46

## НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ по безопасности и охране труда

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

## СОДЕРЖАНИЕ

### Спросите специалиста

Квалификационные требования к специалисту по БиОТ

50

Оформление документов для аутсорсинга по безопасности и охране труда

51

Квалификационные требования егерей

53

### Обзор законодательства

Новые критерии оценки степени риска и проверочные листы: сверьтесь, чтобы устранить нарушения до проверки

55

### Пожарная безопасность

Квалификационные требования к специализированным учебным центрам в области пожарной безопасности по подготовке, переподготовке и повышению квалификации специалистов негосударственных противопожарных служб

70

### Охрана окружающей среды

Новая методика определения нормативов эмиссий в окружающую среду

72

### Санитарные правила и гигиенические нормативы

Санитарно-эпидемиологические требования к условиям труда и бытового обслуживания при строительстве, реконструкции, ремонте и вводе, эксплуатации объектов строительства

92

### Обеспечение безопасности труда

Новая редакция Правил передачи сведений, составляющих государственные секреты, в связи с выполнением совместных и других работ

93



## ЕҚЖЕҚ жөніндегі маманға қойылатын біліктілік талаптары

ЕҚЖЕҚ маманына қойылатын біліктілік талаптары қандай? Орта техникалық білімі мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі сертификаты бар маманды жұмысқа қабылдауға бола ма?



**Жауап беретін: Аширов А. А., «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы, еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы, Алматы қаласы**

Жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен белгілі бір жұмыс түрлерінің күрделілігі кәсіптік стандарттар негізінде, ал олар болмаған кезде Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларының біліктілік анықтамалығы және ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары негізінде белгіленеді (ҚР ЕК-нің 101-бабының 8-тармағы)

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының (бұдан әрі мәтін бойынша – Біліктілік анықтамалығы) 401-тармағына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженерге мынадай **біліктілік талаптары** қойылады:

- **I санаттағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер:** тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және II санаттағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер лауазымында жұмыс өтілі кемінде 2 жыл болуы тиіс;
- **II санатты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер:** тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және санатсыз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер лауазымында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс;
- **санатсыз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер:** тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және I санаттағы техник лауазымында жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс.

Біліктілік анықтамалығының 400-тармағына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер **білуі тиіс:**

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша заңнамалық, нормативтік құқықтық актілер және әдістемелік материалдарды;

- ұйымдағы өнім өндірісінің негізгі технологиялық үдерістерін;
- жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын зерделеу әдістерін;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыруды;
- еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесін;
- жұмыс ауырлығының санатына қарай жұмыскерлерге (әйелдер, жасөспірімдер, жеңіл жұмысқа ауыстырылған жұмысшыларға) қойылатын психофизиологиялық талаптарды;
- ұйымда қолданылатын жабдықты пайдалану ерекшеліктерін;
- жабдықтың техникалық жай-күйінің жұмысты қауіпсіз жүргізу талаптарына сәйкес келуін бақылаудың тәртібі мен құралдарын;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға қатысты алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік тәжірибелерді;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға қатысты насихат пен ақпараттың әдістері мен нысандарын;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдерін;
- экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздерін;
- еңбек заңнамасын, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің тәртібін, өрт қауіпсіздігінің талаптарын.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженердің **лауазымдық міндеттері** Біліктілік анықтамалығының 399-тармағында егжей-тегжейлі баяндалған.

Сондай-ақ, Біліктілік анықтамалығының 7-тармағына сәйкес жұмыскерлердің нақты орындалатын міндеттері мен біліктілігінің лауазымдық сипаттамалардың талаптарына сәйкестігін комиссия (біліктілік, аттестаттау) анықтайтынына назар аударыңыз.

Бейінді кәсіптік білімі жоқ, бірақ қызмет саласында бес және одан да көп жыл біліктілігі, іскерлігі мен дағдысы, практикалық тәжірибесі бар, өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді **сапалы және толық көлемде орындайтын** адамдар, сондай-ақ арнайы даярлығы және жұмыс өтілі бар адамдар комиссияның ұсынымы бойынша тиісті лауазымдарға тағайындалады.

## Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша аутсорсинг үшін құжаттарды ресімдеу

Ұйым (ЖШС) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша аутсорсингпен айналысуды, яғни шарттық негізде ұзақ мерзімге құрылыс объектінде бекітуді, ҚТ бойынша сүйемелдеуді жүзеге асыруды, ҚТ бойынша инженерлерді тұрақты негізде құрылыс объектінде бекітуді жоспарлап отыр. Ол үшін осы ұйымға қандай құжаттарды рәсімдеу керек?



**Біріншіден, ҚР ISO 37500-2018** «Аутсорсинг бойынша нұсқаулық» стандартына (*бұдан әрі мәтін бойынша – СТ*) сәйкес аутсорсинг – бұл тапсырыс берушінің ұйымы ішінде өнімнің немесе қызметтің осы түрлерін ұсынудың баламасы ретінде сыртқы жеткізушінің тапсырыс берушіге өнімді немесе қызметті ұсынуы үшін құрылған бизнес-модель:

- аутсорсинг процесі тапсырыс берушінің шешім қабылдауына негізделген: жұмысты өзі жасайды немесе оны сыртқы жеткізушіден сатып алады;
- ресурстар өнімді жеткізушіге берілуі мүмкін;
- өнімді жеткізуші келісілген уақыт кезеңі ішінде штаттан тыс қызметтер көрсетуге жауапты болады;
- тиісті жағдайларда қызметтер қолданыстағы өнімді жеткізушіден екіншісіне берілуі мүмкін;
- тапсырыс беруші аутсорсингке берілген қызметтер үшін жауапты болады, ал өнімді жеткізуші олардың орындалуы үшін жауапты болады.

**Тапсырыс беруші (client)** – жеке пайдалануға арналған өнімдер мен қызметтерді жеткізушімен келісім жасасатын жеке тұлға немесе заңды тұлғалар (ұйымдар) тобы (Стандарттың 3.3-тармағы).

**Аутсорсинг (outsourcing)** – нақты салада маманданған және тиісті тәжірибесі, білімі, техникалық құралдары бар басқа ұйымдарға шарттық негізде бейінді емес (негізгі емес) функцияларды беру (Стандарттың 3.10-тармағы).

**Аутсорсинг механизмі (outsourcing arrangement)** – екі немесе бірнеше ұйым арасындағы белгілі бір уақыт кезеңі ішінде нақты қызметтер көрсетуге арналған шарттық келісім, онда бір ұйым қызметтерді алатын тапсырыс беруші, ал екіншісі (басқа) ұйым (ұйымдар) оларды жеткізуші болып табылады (Стандарттың 3.11-тармағы).

**Екіншіден, шағын кәсіпкерлік субъектілерінде** еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (*бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР ЕК*) 202-бабының 6-тармағына сәйкес жеке немесе заңды тұлғалармен Шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жеке немесе заңды тұлғалармен шарттық негізде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру шағын кәсіпкерлік субъектілерінде **ғана** жүзеге асырыла алатындығын білдіреді.

ҚР ЕК 202-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес қалған барлық жағдайларда:

- жұмыскерлерінің саны 50-ден асатын өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында жұмыс беруші ұйымның бірінші басшысына немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға тікелей бағынатын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құрады;
- жұмыскерлер саны 50 адамға дейінгі жұмыс беруші қызмет ерекшелігін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маман лауазымын енгізеді не еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді басқа маманға жүктейді.

**Үшіншіден.** Егер компания шарттық негізде шағын кәсіпкерлік субъектілерінде еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүргізуге ниеттенсе, онда «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы көрсетілген қызмет түріне қатысты қандай да бір талаптарды белгілемейді.

Алайда, мұндай кәсіпорын (бұл жағдайда ЖШС) осы нақты салада мамандануға және жиынтығында жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге және анықталатын бұзушылықтарды жою жөнінде дереу шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін тиісті білімі, техникалық құралдары, білікті мамандары және т. б. қамтылуы тиіс деп санаймын.

## Қорықшыларға қойылатын біліктілік талаптары

Қорықшылардың біліктілік талаптары қандай нормативтік құжаттар бойынша анықталады?

**Жауап беретін: Маликова Н. И.**, «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы, «МЦФЭР–Қазақстан» Цифрлық баспасының бірқатар басылымдарының авторы, «FactorOfTime» ЖШС Заң департаментінің директоры, Алматы қаласы



Қорықшыға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығымен бекітілген Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында (37-шығарылым) – ағаш ағызу, ағаш дайындау, ағаш дайындау өндірісі (жалпы кәсіптер), ағаштың шайырын (шырынын) ағызу, қамысты дайындау және қайта өңдеу бойынша жұмыстар тарауында (*бұдан әрі мәтін бойынша – БТБА-37*) орналастырылған.

Қорықшыға қойылатын біліктілік талаптары осы лауазым бойынша 3-разрядтан 5-разрядқа дейінгі разрядтылықты көздейді.

Мысалы, БТБА-37 7-параграфының 132, 133-тармақтарына сәйкес **3-разрядты қорықшыға мынадай біліктілік талаптары қойылады:**

### Жұмыс сипаттамалары:

- бекітілген аралау аймағында, қорықшада, аңшылық шаруашылығында, өндірістік учаскесінде жабайы жануарлар мен ормандағы екпеағаштарды браконьерліктен қорғау;
- жануарлар жемдерін дайындауды жүзеге асыру;
- аң аулау және балық аулау құқығына құжаттарды тексеру, алқаптардағы аңдардың қозғалысын қадағалау, қоректендіргіш алаңшаларды, табиғатты қорғау аншлаптарын тиісті тәртіпте ұстау;
- жабайы жануарларды есепке алу;
- ағаш дайындау, мал жаю, шөп шабу және басқа да қосалқы ормандарды пайдалану құқығына құжаттарды тексеру;
- белгіленген ережелердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- орман өрттерін сөндіру бойынша жұмысқа қатысу;
- кеспеағаштар телімі, шөп шабуға арналған алаңдар, жайылымдық және өзге де пайдалану түрлері бөліміне қатысу, орман орналастыруды жүргізу кезінде шекараны,



межелік белгілерді, орам соқпақтарын, нысаналарды нақты көрсету жұмыстарына ат салысу;

- кеспеағаштарды бөліп беруге және таксациялауға, кесілген жерлерді, дайындалған ағаш материалдарын, ормандағы екпеағаштарды куәландыруға, шайыр (шырын) ағызуға, орындалатын орман жұмыстарына қатысу;
- бекітілген аралау аймағында, қорықша, аңшылық шаруашылығы, өндірістік учаскесі шегінде аңшыларды тіркеу;
- аң аулау ережелері мен мерзімдерін бұзушыларға және орман тәртібін бұзушылыққа кінәлі тұлғаларға қатысты хаттамалар толтыру;
- заңсыз ағаш кесуді, мал жаюды және өзге де заңсыз түрде орманды пайдалануды тоқтатуға қатысты шараларды қолдану;
- көпірлердің, өрт мұнараларының, телефон желілерінің, шектеу, орманды орналас-тыру және орман шаруашылығы белгілерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- орман шаруашылығына залал келтіретін зиянды жәндіктер, орман аурулары, жел, дауыл, сүректіңдердің кебуі және басқа да құбылыстар ошақтарын аралау кезінде келтірілген залалдың анықталғандығы туралы орманшылықтарға уақтылы хабарлау.

#### **Білуге тиіс:**

- сеніп тапсырылған аралау аумағының, қорықшаның, аңшылық шаруашылығының, өндірістік учаскесінің шекараларын;
- аң аулау ережелерін, нұсқаулықтарды, бұйрықтар, орманды дұрыс пайдалану және аңшылық шаруашылығын жүргізу туралы бұйрықтарды;
- ағаш егу және отырғызу, орман дақылдарын күту, орман тұқымдары және орман тұқымы материалдарын дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен олардың технологиясын;
- ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін және орман өрттерін сөндірудің практикалық тәсілдерін;
- аң аулау кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін;
- орман шаруашылығындағы агротехниканы және жұмыс технологиясын.

БТБА-да қандай да бір кәсіп үшін бірнеше разряд, демек, тарифтік-біліктілік сипаттамалары көзделген жағдайларда біліктілігі анағұрлым жоғары жұмысшы оған берілген разрядтың тарифтік-біліктілік сипаттамасында санамаланған жұмыстардан басқа, **сол кәсіптің біліктілігі анағұрлым төмен жұмысшылардың тарифтік-біліктілік сипаттамаларында көзделген жұмыстарды орындай білуі, дағдылары және іскерлігіне ие екендігін** назарға алу қажет. Сондықтан неғұрлым төмен разрядтардың тарифтік-біліктілік сипаттамаларында, неғұрлым жоғары разрядтардың сипаттамаларында келтірілген жұмыстар, әдетте, көрсетілмейді (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 30 қарашадағы № 343-п бұйрығымен бекітілген Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының (1-шығарылым) (экономиканың барлық салаларына ортақ жұмысшылардың кәсіптері) Жалпы Ережелерінің 7-тармағы).

## Тәуекелдерді бағалаудың жаңа өлшемшарттары мен тексеру парақтары: тексеруге дейін бұзушылықтарды жою үшін салыстырып тексеріңіз

«Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 194 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 58 бірлескен бұйрығы

**Күшіне енді:** 2021.25.06

25 маусымнан бастап еңбек заңнамасына сәйкестіліктің тәуекел дәрежесін бағалаудың жаңа өлшемшарттары мен тексеру парақтары қолданылады.

Жаңа редакцияда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуын төменде аталған ұйымдарға қатысты тексеру парақтары берілген:

- өнімді шығару және дайындаумен, пайдалы қазбаларды өңдеумен, өндірумен және өңдеумен, құрылыспен және басқа да өндірістік қызмет түрлерімен айналысатын ұйымдар;
- өндірістік емес саладағы ұйымдар (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, сауда, тұру және тамақтанумен байланысты көрсетілетін қызметтер);
- қызметкерлері еңбек қызметін кеңселік үй-жайларында жүзеге асыратын өндірістік емес сала ұйымдары.

Аталған құжаттарды жаңа редакцияда береміз. Оларды сіз компанияңызда заң бұзушылықтардың бар-жоғын тексеру және барлық тәуекелдерді уақытында жою үшін пайдалана аласыз.

### Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

Р/с №	Еңбек заңнамасын сақтаудағы тәуекелдер өлшемшарттары	Бұзушылық дәрежесі
<b>Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар</b>		
1	Ауыр немесе адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның болуы	Өрескел

2	Зардап шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған еңбек қызметіне байланысты топтық жазатайым оқиғаның болуы	Өрескел
<b>Алдыңғы тексерулердің және субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда белгіленеді)</b>		
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу сонымен қатар, зардап шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған топтық жазатайым оқиғалар	Өрескел
2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын: жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру	Өрескел
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау	Өрескел
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақтылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу	Өрескел
5	Жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз ету	Өрескел
6	Еңбекке уақытша қабілетсіздік парағының сондай-ақ, еңбекке уақытша қабілетсіздік парағын төлеуді растайтын құжаттың болуы	Елеулі
7	Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалысы) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдері	Елеулі
8	Өндірістік объектілерді және қосалқы бөлімшелерді жұмыс берушінің аттестаттаудан өткізгенін растайтын аттестаттау нәтижесі туралы есептің болуы	Елеулі
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы	Елеулі
10	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету	Елеулі
11	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы	Елеулі
12	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы. Жұмыс беруші қызметті персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде жіберуші тарап ретінде жүзеге асырған жағдайда, ол өзі жасасатын персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарға сәйкес кәсіптік тәуекел сыныбы қабылдаушы тараптың кәсіптік тәуекел сыныбынан немесе қабылдаушы тараптың ең жоғары кәсіптік тәуекел сыныбынан төмен емес экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс	Елеулі
13	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласына қатысты міндеттерді сақтауы	Елеулі
14	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету (өтініш түскен жағдайда тексеріледі)	Елеулі
15	Тәртіптік жаза қолдану тәртібін сақтау	Елеулі
16	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдердің талаптарын орындау	Елеулі

17	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы	Елеулі
18	Балалардың еңбегін пайдалануға қойылған тыйымды сақтау	Елеулі
19	Еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары бөлігінде, оның ішінде персонал беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасу кезінде жіберуші тараптың қызметкерлеріне қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік	Өрескел
20	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы	Елеулі
21	Жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын, ең төменгі айлық жалақы беру, күнделікті жұмыс ұзақтығы (жұмыс ауысымы) және ерекше жұмыс режимімен және еңбек жағдайларымен, жұмысынан айрылумен, жұмыскердің еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді орындаумен байланысты шығындарын өтеумен байланысты өтемақы төлемдері, сондай-ақ жұмыскерлерді немесе еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге де адамдарды кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер бөлігіндегі кепілдіктерді жүзеге асыру	Елеулі
22	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру	Елеулі
23	Мүгедектер, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы жұмыстан босатылуы туралы ақпаратты беруі, уәкілетті органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді уақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы хабарлау	Болмашы
24	Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы немесе халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтамалары немесе еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары беретін рұқсаттары жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы, сонымен қатар жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерді жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы. Жұмыс беруші рұқсаттар бойынша тартатын шетелдік жұмыс күшінің саны еңбек қызметін персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде жүзеге асыратын жіберуші тараптың жұмыскерлері ескеріле отырып, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын қазақстандық кадрлар санының пайыздық арақатынасына сәйкес келуге тиіс	Өрескел
25	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, ауыстыру, төлеу, шектету, жүргізілген ұсталымдар, демалыстар беру, қосымша төлемдерін белгілеу және кепілдіктер бөлігінде тиісті түрде қабылдаған актілердің сәйкес келуі	Болмашы
26	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу	Өрескел
27	Өндірістік кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуіне бақылау жүргізу	Өрескел



28	Мәжбүрлі еңбекті пайдалануға тыйымды сақтау	Өрескел
<b>Үәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері</b>		
1	Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру шартының жасалмауы туралы мәліметтердің болуы	Өрескел
<b>Бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы берілетін есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері</b>		
1	Кәсіпорындар ұсынатын өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттаудан өткізу нәтижелерін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің республиканың зиянды, ауыр және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіпорындары бойынша мәліметтерімен салыстыру кезіндегі сәйкессіздіктердің анықталуы	Елеулі
2	Басшылар мен қауіпсіздік және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша білімдерін тексерудің қанағаттанарлықсыз нәтижесі	Өрескел
3	Өндірістік объектілерді еңбек жағдайларына байланысты аттестаттау бойынша есептерден мынадай көрсеткіштерге сәйкессіздікті анықтау: 1) өндірістік орта факторларының зияндығы мен қауіптілігі; 2) жеке қорғаныс құралдарын беру нормасына сәйкес қамтамасыз ету; 3) жарақаттану қауіпсіздігі; 4) еңбек процесінің ауырлығы; 5) еңбек процесінің шиеленісі	Өрескел
<b>Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны</b>		
1	Тексеру нәтижелерімен расталған жалақы төленбеу (үш немесе одан көп ай) мәселесі бойынша бір жыл ішінде жеке тұлғалардың жүгінуі туралы бірнеше фактілер (екі және одан да көп) не бір ұжымдық өтініш	Өрескел

### Өнім

**шығарумен және жасаумен, пайдалы қазбаларды игерумен, өндірумен және қайта өңдеумен, құрылыспен және өндірістік қызметтің басқа да түрлерімен айналысатын ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы

(бақылау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі)  
Орналасқан мекен-жайы \_\_\_\_\_

P/c №	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу, сонымен бірге зардап шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған топтық жазатайым оқиғалар				
2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын: жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру				
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау				
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақтылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу				
5	Жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз ету				
6	Еңбекке уақытша қабілетсіздік парағының сондай-ақ, еңбекке уақытша қабілетсіздік парағын төлеуді растайтын құжаттың болуы				
7	Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалысы) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдері				
8	Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді және қосалқы бөлімшелерді жұмыс берушінің аттестаттаудан өткізгенін растайтын аттестаттау нәтижесі туралы есептің болуы				
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы				
10	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету				
11	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы				
12	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы. Жұмыс беруші қызметті персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде жіберуші тарап ретінде жүзеге асырған жағдайда, ол өзі жасаса-				

	тын персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарға сәйкес кәсіптік тәуекел сыныбы қабылдаушы тараптың кәсіптік тәуекел сыныбынан немесе қабылдаушы тараптың ең жоғары кәсіптік тәуекел сыныбынан төмен емес экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.				
13	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мәртiгуге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласына қатысты міндеттерді сақтауы				
14	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудағы тең мүмкідiктерді қамтамасыз ету (өтiнiштер түскен жағдайда тексерiледi)				
15	Тәртіптік жаза қолдану тәртібін сақтау				
16	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдерінің талаптарын орындау				
17	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы				
18	Балалардың еңбегін пайдалануға қойылған тыйымды сақтау				
19	Еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары бөлігінде, оның ішінде персонал беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасу кезінде жіберуші тараптың қызметкерлеріне қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік				
20	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы				
21	Жыл сайынғы ақы төленетін негізі еңбек демалысын, ең төменгі айлық жалақы, күнделікті жұмыстың ұзақтығы (ауысымдық жұмыс) ұсыну бойынша кепілдіктерді жүзеге асыру, арнайы жұмыс режимі мен еңбек жағдайлары, жұмысынан айрылу, жұмыскердің еңбек өтіліне байланысты шығындардың немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де шығындарын өтеуіне байланысты өтемақы төлемдері сондай-ақ жұмыскерлердің немесе еңбек қатынастарында болмайтын басқа тұлғалардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер				
22	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру				
23	Мүгедектер, пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе көмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы жұмыстан босатылуы туралы ақпаратты беруі, уәкілетті				

	органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді уақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы хабарлау				
24	Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы немесе халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтамалары немесе еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары беретін рұқсаттары жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы, сонымен қатар жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерді жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы. Жұмыс беруші рұқсаттар бойынша тартатын шетелдік жұмыс күшінің саны еңбек қызметін персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде жүзеге асыратын жіберуші тараптың жұмыскерлері ескеріле отырып, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын қазақстандық кадрлар санының пайыздық арақатынасына сәйкес келуге тиіс.				
25	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, демалыстар беру, қосымша төлемдер, өтемақы төлемдері мен кепілдіктер, беру, төлеу, тоқтата тұру, ұстап қалу, ұстап қалу бөлігінде еңбек қатынастарына қатысты қабылдаған актілердің болуы				
26	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу				
27	Өндірістік кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуіне бақылау жүргізу				
28	Мәжбүрлі еңбекті қолдануға тыйымды сақтау				

Лауазымды адам (адамдар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
Бақылау субъектісінің басшысы

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)



**Өндірістік емес саладағы (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, сауда, тұру және тамақтану бойынша қызметтер) ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

\_\_\_\_\_

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт

\_\_\_\_\_ (№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (бақылау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан мекен-жайы \_\_\_\_\_

Р/с №	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу, сонымен бірге зардап шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған топтық жазатайым оқиғалар				
2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын: жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру				
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау				
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақтылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу				

5	Жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз ету				
6	Еңбекке уақытша қабілетсіздік парағының сондай-ақ, еңбекке уақытша қабілетсіздік парағын төлеуді растайтын құжат болуы				
7	Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалысы) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдері				
8	Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді және қосалқы бөлімшелерді жұмыс берушінің аттестаттаудан өткізгенін растайтын аттестаттау нәтижесі туралы есептің болуы				
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы				
10	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету				
11	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы				
12	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы. Жұмыс беруші қызметті персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде жіберуші тарап ретінде жүзеге асырған жағдайда, ол өзі жасасатын персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарға сәйкес кәсіптік тәуекел сыныбы қабылдаушы тараптың кәсіптік тәуекел сыныбынан немесе қабылдаушы тараптың ең жоғары кәсіптік тәуекел сыныбынан төмен емес экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс				
13	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласына қатысты міндеттерді сақтауы				
14	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету (өтініштер түскен жағдайда тексеріледі)				
15	Тәртіптік жаза қолдану тәртібін сақтау				
16	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдерінің талаптарын орындау				
17	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы				
18	Балалардың еңбегін пайдалануға қойылған тыйымды сақтау				
19	Еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары бөлігінде, оның ішінде персонал беру жөніндегі қызметтер				

	көрсетуге арналған шарт жасасу кезінде жіберуші тараптың қызметкерлеріне қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік				
20	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы				
21	Жыл сайынғы ақы төленетін негізі еңбек демалысын, ең төменгі айлық жалақы, күнделікті жұмыстың ұзақтығы (ауысымдық жұмыс) ұсыну бойынша кепілдіктерді жүзеге асыру, арнайы жұмыс режимі мен еңбек жағдайлары, жұмысынан айрылу, жұмыскердің еңбек өтіліне байланысты шығындардың немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де шығындарын өтеуіне байланысты өтемақы төлемдері сондай-ақ жұмыскерлердің немесе еңбек қатынастарында болмайтын басқа тұлғалардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер				
22	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру				
23	Мүгедектер, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы жұмыстан босатылуы туралы ақпаратты беруі, уәкілетті органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді уақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы хабарлау				
24	Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы немесе халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтамалары немесе еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары беретін рұқсаттары жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы, сонымен қатар жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерді жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы. Жұмыс беруші рұқсаттар бойынша тартатын шетелдік жұмыс күшінің саны еңбек қызметін персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған				

	шарт шеңберінде жүзеге асыратын жіберуші тараптың жұмыскерлері ескеріле отырып, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын қазақстандық кадрлар санының пайыздық арақатынасына сәйкес келуге тиіс				
25	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, демалыстар беру, қосымша төлемдер, өтемақы төлемдері мен кепілдіктер, беру, төлеу, тоқтата тұру, ұстап қалу, ұстап қалу бөлігінде еңбек қатынастарына қатысты қабылдаған актілердің болуы				
26	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу				
27	Мәжбүрлі еңбекті қолдануға тыйымды сақтау				

Лауазымды адам (адамдар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

\_\_\_\_\_ (лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

**Жұмыскерлері**

**еңбек қызметін кеңсе үй-жайларында жүзеге асыратын өндірістік емес саладағы ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт

\_\_\_\_\_ (№, күні)



Бақылау субъектісінің атауы \_\_\_\_\_

(бақылау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

Орналасқан мекен-жайы \_\_\_\_\_

Р/с №	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талап-тарға сәйкес келеді	Талап-тарға сәйкес келмейді
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу сонымен қатар, зардап шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамас-тан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған топтық жазатайым оқиғалар				
2	Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын; жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысын; оқу демалысын; жүктілікке және баланың (балалардың) тууына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру				
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау				
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақтылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу				
5	Еңбекке уақытша қабілетсіздік парағының сондай-ақ, еңбекке уақытша қабілетсіздік парағын төлеуді растайтын құжат болуы				
6	Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалысы) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдері				
7	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы				
8	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету				
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы				
10	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы.				

	Жұмыс беруші қызметті персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде жіберуші тарап ретінде жүзеге асырған жағдайда, ол өзі жасасатын персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарға сәйкес кәсіптік тәуекел сыныбы қабылдаушы тараптың кәсіптік тәуекел сыныбынан немесе қабылдаушы тараптың ең жоғары кәсіптік тәуекел сыныбынан төмен емес экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс				
11.	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласындағы міндеттерді сақтауы				
12.	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету (өтініштер түскен жағдайда тексеріледі)				
13.	Тәртіптік жаза қолдану тәртібін сақтау				
14.	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдерінің талаптарын орындау				
15.	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы				
16.	Балалардың еңбегін пайдалануға қойылған тыйымды сақтау				
17.	Еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары бөлігінде, оның ішінде персонал беру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасу кезінде жіберуші тараптың қызметкерлеріне қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік				
18.	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясын құру туралы жұмыс берушінің актісінің болуы, сондай-ақ келісу комиссиясының жеке еңбек дауын белгіленген мерзімдерде қарауы				
19.	Жыл сайынғы ақы төленетін негізі еңбек демалысын, ең төменгі айлық жалақы, күнделікті жұмыстың ұзақтығы (ауысымдық жұмыс) ұсыну бойынша кепілдіктерді жүзеге асыру, арнайы жұмыс режимі мен еңбек жағдайлары, жұмысынан айрылу, жұмыскердің еңбек өтіліне байланысты шығындардың немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де шығындарын өтеуіне байланысты өтемақы төлемдері сондай-ақ жұмыскерлердің немесе еңбек қатынастарында болмайтын басқа тұлғалардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер				
20.	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру				
21.	Мүгедектер, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы				

	жұмыстан босатылуы туралы ақпаратты беруі, уәкілетті органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді уақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы хабарлау				
22.	Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз тартуы немесе халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтамалары немесе еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары беретін рұқсаттары жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы, сонымен қатар жұмыс берушінің шетелдік жұмыскерді жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы. Жұмыс беруші рұқсаттар бойынша тартатын шетелдік жұмыс күшінің саны еңбек қызметін персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде жүзеге асыратын жіберуші тараптың жұмыскерлері ескеріле отырып, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын қазақстандық кадрлар санының пайыздық арақатынасына сәйкес келуге тиіс				
23.	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, демалыстар беру, қосымша төлемдер, өтемақы төлемдері мен кепілдіктер, беру, төлеу, тоқтата тұру, ұстап қалу, ұстап қалу бөлігінде еңбек қатынастарына қатысты қабылдаған актілердің болуы				
24.	Жұмыс берушінің қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, қызметкер мен жұмыс берушінің деректемелері бөлігінде мәліметтерді қамтитын оған енгізілетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты, белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты (еңбек функциясын), жұмыстың орындалатын орнын, еңбек шартының мерзімін, жұмыстың басталу күнін, еңбек шартының жасалған күні мен реттік нөмірін еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу				

Лауазымды адам (адамдар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

\_\_\_\_\_ (лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

## **Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған оқу орталықтарына қойылатын біліктілік талаптары**

«Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған оқу орталықтарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 926 бұйрығы (2021.20.04 өзгерістермен)

### **Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған оқу орталықтарына қойылатын біліктілік талаптары**

1. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған оқу орталықтары (бұдан әрі – Мамандандырылған оқу орталықтары) «Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау бойынша оқыту курстарының бағдарламасын, сондай-ақ оларды бітіргені туралы куәліктің үлгісін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 қаңтардағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10382 болып тіркелген) бекітілген бағдарлама бойынша мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтер мамандарының бастапқы даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша арнайы даярлық пен оқу курсы қамтамасыз етеді.

2. Мамандандырылған оқу орталықтарына мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) оқу жұмыс жоспарларының болуы;

2) штаттағы оқытушылардың «Өрт қауіпсіздігі» немесе «Төтенше жағдайларда қорғау» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімінің болуы, өртке қарсы қызмет бөліністерінде басшы лауазымда практикалық жұмыс өтілі бес жылдан кем емес болуы;

3) интернет желісіне қосылған компьютерлермен, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сай келетін оқу каби-

неттерімен, оқытудың техникалық құралдарымен, макеттермен, тренажерлармен, оқулықтармен және оқу әдістемелік материалдармен жарақталуы;

4) білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің (өрт сөндіру техникасы, жаттығу-машықтану мұнарасы, жылу-түтін камерасы, психологиялық дайындық жолағы) болуы;


5) оқу әдебиетін, оқу міндеттері мен тапсырмаларын, бейнефильмдердің тақырыптық жинақтарын, оқу-көрнекі материалдарын, бақылау карточкаларын, оқыту бағдарламаларын, емтихан билеттерінің жиынтықтарын, практикалық тапсырмалар сипаттамаларын және әрбір оқу бағдарламасына басқа да оқу-әдістемелік материалдарды қамтитын оқу-әдістемелік материалдар қорының болуы.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетінің едәуір даярланған қызметкерлері немесе тиісті біліктілігі бар басқа мамандар сабақ өткізуге тартылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтер мамандарын арнайы даярлау және оқыту курстары күзетілетін объектінің өндірістік қызмет ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

### «Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне Баптар бойынша практикалық түсіндірме (№ 2 шығарылым)»



Түсіндірме авторларының құрамына түсіндірмелері еңбек заңнамасының нормаларын дұрыс қолдануға себеп болатын, тәжірибелі заңгерлер, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек қатынастары, жалақы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мамандар кірді.

Кітап барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылары мен жұмыскерлеріне, заңгерлерге, кадр қызметінің, еңбек құқығының мамандарына, ғалымдарға, оқытушыларға, заң және экономикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ оқырмандардың кең ауқымына арналған.

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Баптар бойынша практикалық түсіндірме» кітабына тапсырыс беру үшін [www.prk.mcfr.kz](http://www.prk.mcfr.kz) сайтында өтінімді толтырып, [ekd@mcfr.kz](mailto:ekd@mcfr.kz) электрондық мекенжайына жіберу қажет.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы біле аласыз:  
+7 (727) 323-62-13, 323-62-29



## Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындаудың жаңа әдістемесі

«Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығы

Күшіне енді: 2021.01.07

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің  
2021 жылғы 10 наурыздағы  
№ 63 бұйрығына  
қосымша

### Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесі

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экологиялық Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 39-бабының 6-тармағына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін белгілеу үшін іс-қимылдар алгоритмін айқындайды.

2. Осы Әдістемеді пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) авариялық шығарынды – I немесе II санаттағы объектілерде авариядан немесе технологиялық процестің бұзылуынан туындаған, жол берілетін шығарынды нормативтерінен едәуір асатын ластаушы заттардың болжанбаған, болжанбайтын және әдейі жасалмаған түсуі;

2) атмосфералық ауаның базалық антропогендік аясы – I немесе II санаттағы объектіге қатысты жол берілетін шығарындының нормативтерін айқындау кезінде жүзеге асырылатын басқа стационарлық және жылжымалы көздердің шығарындыларымен негізделген атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың жаппай шоғырлануы;

3) атмосфералық ауаның табиғи аясы – табиғи процестер нәтижесінде атмосфералық ауаға босауына немесе онда ластаушы заттардың түзілуіне байланысты атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың жаппай шоғырлануы;

4) бақылау жармасы – су сапасының экологиялық нормативтерінің сақталуын мониторингтеу және бақылау жүзеге асырылатын жер үсті су объектісінің учаскесі;

5) жылдық көрсеткіштер – күнтізбелік бір жыл ішінде атмосфералық ауа көлемінің

бірлігінде немесе жер бетінің бірлігінде ластаушы зат шоғырлануының орташаланған көрсеткіштері;

6) ластаушы заттың жаппай ағымының жылдамдығы – уақыт бірлігінде шығарылатын және секундына грамм қатынасы ретінде көрінетін ластаушы заттың массасы;

7) ластаушы заттың массалық шоғырлануы – құрғақ бөлінетін газдар көлемінің бірлігіндегі және текше метрге миллиграмм арақатынасы ретінде көрінетін ластаушы заттың массасы;

8) нормативтік (шартты) – таза сарқынды сулар-технологиялық аппаратура мен күштік агрегаттар салқындағаннан кейін қосалқы операциялар мен процестерден пайда болатын, ластанбаған, бірақ температурасы жоғары сулар;

9) тәуліктік көрсеткіштер – күнтізбелік бір тәулік шегінде жиырма төрт сағат ішінде атмосфералық ауа көлемінің бірлігінде ластаушы зат шоғырлануының орташаланған көрсеткіштері;

10) судағы ластаушы заттардың базалық антропогендік фондық шоғырлануы – жол берілетін төгіндінің нормативтерін айқындау кезінде жүзеге асырылатын басқа көздердің төгінділерімен негізделген қолайсыз жағдайлар кезінде су объектісінің нақты бақылау тұстамасындағы ластаушы зат шоғырлануының мәні;

11) су объектілеріне ағызу нормативтері – бақылау жармасындағы су сапасының нормаларын қамтамасыз ету мақсатында су объектісінің осы пунктінде уақыт бірлігінде белгіленген режиммен бөлуге барынша жол берілетін сарқынды сулардағы заттың массасы;

12) сағаттық көрсеткіштер – бір сағат ішінде атмосфералық ауа көлемінің бірлігінде ластаушы зат шоғырлануының орташаланған көрсеткіштері.

3. Есептеу жолымен әртүрлі орталарға эмиссиялар нормативтері, соның ішінде атмосфераға стационарлық көздерден ластаушы заттардың жол берілген шығарындыларының, жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ластаушы заттар төгінділерінің нормативтері айқындалады.

4. Эмиссиялардың әрбір стационарлық көзі үшін және оператор үшін толық алғанда есептемелердің негізінде жол берілген шығарындылары мен төгінділерінің нормативтері, сондай-ақ қоршаған ортаның сапасы нормативтеріне жету мақсатында әсер ету аймағы және жақын орналасқан селитебтік аумақтар шекарасында белгіленеді.

5. Белгіленіп отырған қызмет үшін, оның ішінде қызметке елеулі өзгерістер енгізу кезінде эмиссиялар нормативтері белгіленіп отырған қызметтің тиісті жобалау құжаттамасына байланыстырыла отырып әзірленетін және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға өтінішпен бірге қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылатын жеке құжат – эмиссиялар нормативтерінің жобасы (жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасы) түрінде есептеледі және соған негізделеді.

Эмиссиялар нормативтері I және II санаттағы объектілерге жататын жекелеген стационарлық көздер бойынша, мынадай:

1) қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалау жүргізілген жағдайда – Кодекстің 76-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыда көрсетілген тиісті шекті мөндерден;

2) Кодекске сәйкес белгіленіп отырған қызметтің әсеріне скрининг жүргізген жағдайда, оның нәтижелері бойынша қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалау қажет емес екені туралы қорытынды шығарылса, – Кодекстің 68-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес белгіленіп отырған қызмет туралы өтініште көрсетілген тиісті мәндерден аспайтын деңгейлерде белгіленеді.

Өздеріне қатысты кешенді экологиялық рұқсат берілетін объектілер үшін эмиссиялардың нормативтері I және II санаттағы объектілерге жататын жекелеген стационарлық көздер бойынша, ең үздік қолжетімді техникалар жөніндегі қорытындыларда келтірілген ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға байланысты маркерлік ластағыш заттар эмиссияларының тиісті шекті мәндерінен аспайтын деңгейлерде белгіленеді.

6. III және IV санаттағы объектілер үшін, сондай-ақ атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жылжымалы көздері үшін эмиссиялар нормативтері белгіленбейді.

7. Әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттар құрамында эмиссиялар нормативтері кемінде он жылда бір рет қайта қарастырылады,

Оператордың бастамасы бойынша қолданыс мерзімі біткенге дейін рұқсат етілетін шығарындылардың ерте белгіленген нормативтерін қайта қарастырудың себебі:

1) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 120-бабының 5-тармағына сәйкес атмосфераны ластаудың жаңа көздерін немесе параметрлерінің өзгеруін ескеру қажеттігі, әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттар қолданыстағы экологиялық рұқсатта көрсетілген экологиялық шарттардың өзгертілуін талап ететін қолданылатын технологиялар өзгергенге дейін беріледі.

2) Кодекстің 118-бабына сәйкес кешенді экологиялық рұқсатты қайта қарау.

## **2-тарау. Стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының нормативтерін есептеу алгоритмі**

8. Жол берілетін шығарындылар нормативтері I немесе II санаттағы объектінің құрамына кіретін стационарлық көз және (немесе) стационарлық көздер жиынтығы үшін әсер ету саласы шегіндегі атмосфералық ауаға жалпы жүктеме қоршаған орта сапасының белгіленген экологиялық нормативтерінің немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің бұзылуына әкеп соқтырмайтындай шартпен ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануының шашырауын модельдеу әдісін қолдана отырып, есептеу жолымен белгіленеді.

Антропогендік жүктемеге ұшыраған және ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануының таралуын модельдеу арқылы айқындалған аумақ (акватория) әсер ету саласы болып табылады.

Стационарлық көздердің жиынтығы үшін әсер ету саласы шығарындылардың жекелеген стационарлық көздерінің әсер ету аймақтарының сомасы ретінде есептеледі.

9. Жол берілетін шығарындылар нормативтері ластаушы заттар тізбесіне енгізілген әрбір ластаушы зат үшін мынадай түрде белгіленеді:

1) ластаушы заттың массалық шоғырлануы;

2) ластаушы заттың жаппай ағымының жылдамдығы.

Шығарылатын газдардың жаппай ағымының көлемі мен жылдамдығына қатысты көрсеткіштер 293.15 К және 101.3 кПа стандартты жағдайларында және егер Қазақстан

Республикасының экологиялық заңнамасында өзгеше тікелей көзделмесе, су буының құрамы шегерілгеннен кейін айқындалады.

Ластаушы заттың массалық шоғырлану көрсеткіштері атмосфералық ауаны қорғау тұрғысынан оны пайдаланудың неғұрлым қолайсыз жағдайларында шығарындылардың стационарлық көзінің қалыпты (регламенттік) жұмысының күнтізбелік бір тәулік ішінде шығарындының тиісті көрсеткіштерін орташаландыру жолымен айқындалады.

Ластаушы заттың жаппай ағыны жылдамдығының көрсеткіштері оны пайдаланудың атмосфералық ауаны қорғау тұрғысынан неғұрлым қолайсыз жағдайларда шығарындылар көзінің қалыпты (регламенттік) жұмысының бір сағаты ішінде шығарындының тиісті көрсеткіштерін орташаландыру жолымен айқындалады.

Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерін есептеу үшін атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары параметрлерінің кестесі осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады.

10. Атмосфералық ауаға рұқсат етілген жиынтық антропогендік жүктеменің белгіленген нормативтерінің сақталуын қамтамасыз ету рұқсат етілген шығарындылар нормативтерімен қатар әрбір стационарлық көз бен I және II объектілер үшін шығарындыларға жылдық лимиттер (т/жыл) белгіленеді.

11. Атмосфералық ауадағы ластаушы заттың рұқсат етілген шоғырлануы ластаушы заттың түріне байланысты жылдық, тәуліктік және сағаттық көрсеткіштердің орташа кезеңдерін ескере отырып белгіленеді.

12. Шығарындылар көздерінің тізбесі және олардың сипаттамалары жобаланатын объектілер үшін – жобалық ақпарат негізінде, жұмыс істеп тұрған объектілер үшін – атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын және олардың көздерін түгендеу негізінде айқындалады (бұдан әрі – тұрақты көздер), оларды аумақ бойынша бөлу, атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының сандық және сапалық құрамы, атмосфералық ауаға зиянды заттардың жол берілетін шығарындыларының нормативтерін әзірлеудің бірінші кезеңі болып табылатын шаң-газ тазалау жабдығы жұмысының тиімділігін бағалау туралы мәліметтерді жүйелеуді білдіреді.

Зиянды заттар шығарындыларының сандық және сапалық сипаттамаларын айқындау аспаптық немесе есептік (есептік-талдамалық) әдістерді қолдана отырып жүргізіледі.

Атмосфераға ластаушы заттардың ұйымдастырылған шығарындылары бар көздер үшін аспаптық әдістер басым. Массалық шоғырлануды аспаптық өлшеу және шығатын газдардағы ластаушы заттардың массалық шығарындыларының мәндерін айқындауды аккредиттелген зертханалар сертификатталған жабдықта және/немесе бар болған жағдайда автоматтандырылған мониторинг жүйесі арқылы орындайды. Ұйымдастырылған шығарындылары бар негізгі көздерге: түтін және желдету құбырлары, желдету біліктері, аэрация шамдары, дефлекторлар жатады.

Есептеу әдістері ұйымдастырылған шығарындылары бар көздерде аспаптық өлшеулер жүргізу мүмкіндігі болмаған кезде ұйымдастырылмаған бөліністердің (шығарындылардың) сипаттамаларын, белгіленген тәртіппен әзірленген және келісілген сандық химиялық талдау әдістерін айқындау үшін, сондай-ақ жобаланатын және реконструкцияланатын объектілер шығарындыларының параметрлері туралы деректер алу үшін қолданылады.

Есептеу (есептеу-талдау) әдістері меншікті технологиялық көрсеткіштерге, баланстық схемаларға, өндірістің физикалық-химиялық процестерінің ағу заңдылықтарына, сондай-ақ нақты көздердің параметрлерін ескеретін аспаптық өлшеулер мен есептеу формулаларының үйлесіміне негізделеді.

13. Зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларының көздеріне түгендеу жүргізу кезінде олардың нәтижелері бойынша ластаушы заттар мен олардың шығарынды көздері айқындалатын көздерге тексеру жүргізіледі, Шаң-газ тазарту жабдығы жұмысының тиімділігі белгіленеді. Атмосфераның бөліну және ластану көздерінің сипаттамалары, газ тазарту және шаң тұту қондырғыларының болуы және олардың параметрлері туралы деректер түгендеу басталған күнгі жағдай бойынша келтіріледі, ал шығарылатын және ауланатын зиянды заттардың саны, газ тазартумен қамтамасыз етілу коэффициенті, газ тазартуға жұмсалған шығындар туралы деректер өткен жылғы келтіріледі.

14. Түгендеу нәтижелері бойынша шығарындылар көздерінің құрамы және нормалауға жататын зиянды заттардың тізбесі белгіленеді. Шығарындылардың жеке көзін жою кезінде оның нөмірі басқа көзге, оның ішінде оны алмастыратын көзге берілмейді.

15. Шығарындыларға жүргізілген түгендеу нәтижелері бойынша осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарындыларын және олардың көздерін түгендеу бланкілері толтырылады. Түгендеу бланкісі эмиссиялар нормативтері жобасының ажырамас бөлігі болып табылады.

16. Жол берілетін шығарындылар нормативтерін есептеу үшін қабылданған бастапқы деректердің толықтығы мен анықтығының негіздемесі оператор бекіткен, оператордан алынған жобалауға арналған тапсырма, ластаушы заттар шығарындыларын және олардың көздерін түгендеу материалдары болып табылады; бастапқы есепке алу деректері немесе статистикалық есептілік нысандарынан алынған деректер, ластаушы заттардың шығарылуын іріктеу, талдау әдістерін регламенттейтін әдістемелік құжаттардың тізбесін көрсете отырып, аспаптық өлшеулермен немесе есептік және баланстық әдістермен алынған деректер, жабдықты (қондырғыны) өндірушінің паспорттық деректері, кодекстің 76-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды немесе қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалау қажеттілігінің жоқтығы туралы қорытынды, тиісті мәндерді ескере, кодекстің 68-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес көзделген қызмет туралы өтініште көрсетілген.

17. Қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындылары бөлігінде эмиссиялар нормативтері жобасының құрамы осы Әдістемеге 3-қосымшада келтірілген.

18. Жол берілетін шығарындылардың нормативтері I немесе II санаттағы объектінің құрамына кіретін стационарлық көздерді пайдаланудың барлық штаттық (регламенттік) жағдайлары үшін, олардың жобалау және техникалық құжаттарда көзделген ең жоғары жүктемесі (қуаты) кезінде, оның ішінде барлық желдету жүйелері мен құрылғылары мен газды тазарту қондырғыларының қалыпты (регламенттік) жұмыс істеуі жағдайында белгіленеді.

I немесе II санаттағы объектінің жол берілетін шығарындыларының нормативтері оның қалыпты жұмыс істеу жағдайлары үшін даму перспективасын, яғни технологиялық регламентте көзделген желдету жүйелері мен құрылғыларын және шаң-газ тазарту

жабдығын қоса алғанда, жабдықты жүктеу және оны пайдалану режимдерін ескере отырып белгіленеді. Бұл ретте, I немесе II санаттағы жұмыс істеп тұрған объектілер үшін технологиялық еріксіз газ жағу жағдайларын қоспағанда, соңғы үш жылдағы жабдықтың нақты ең жоғары жүктемесі жобада белгіленген көрсеткіштер шегінде ескеріледі.

Көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде газды алауда жағу кезінде жол берілетін шығарындылар (г/с, т/жыл) нормативтерін айқындау көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган берген шикі газды жағуға арналған рұқсатқа сәйкес және қоршаған орта сапасының нормативтерін сақтай отырып, жағылатын шикі газ көлемінің негізінде ғана жүргізіледі.

Объект бойынша атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары нормативтерінің кестесі осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады.

19. Технологиялық үдерістің құрамдас бөлігі болып табылатын дүркінді шығарындылар үшін бір реттік және жылына қосындылық шама (г/с, т/жыл) бағаланады. Ең жоғарғы бір реттік дүркінді шығарындылар (г/с) өздерінің қысқа мерзімділігіне байланысты нормаланбайды және атмосферада зиянды заттарды таралуын есептегенде есепке алынбайды. Дүркінді шығарындылардың жыл бойына қосынды шамасы жабдық жұмысының штаттық режимін есепке ала отырып, жалпы жылдық шығарындыны белгілеген кезде нормаланады (т/жыл).

Ықтимал болатын апаттық жағдайлармен байланысты (технологиялық еріксіз газ жағуды қоспағанда инциденттер, авариялар,) апаттық шығарындылар нормаланбайды. Операторда экологиялық төлемдерді есептеу үшін өткен жылға іс жүзіндегі апаттық шығарындылардың есебі ұйымдастырылады.

Дүркінді шығарындылар көздері тізбесінің кестесі осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

20. Объектіні кеңейту, қайта құру кезінде даму перспективасына зиянды заттар шығарындыларының жаңа көздері көзделіп отырған қызметтің жұмыс жобаларына сәйкес, қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын, көзделіп отырған және жүзеге асырылатын қызмет үшін жүргізілетін оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау рәсімі шеңберінде ескеріледі және жол берілетін шығарындылар нормативтері осы объектілерді пайдалануға қабылдау кезіне қарай қамтамасыз етіледі.

Қайтадан құрылатын және кеңейтілетін объектілер үшін нормативтер кәсіпорынның қолданыстағы және жаңа барлық шығарынды көздерінің өзара әсерлерін есепке ала отырып, толықтай кәсіпорын үшін белгіленеді.

Жұмыс жобаларын әзірлеусіз кәсіпорынның ағымдағы шаруашылық әрекетін қамтамасыз ету үшін енгізілетін зиянды заттардың шығарындыларының көздері нормативтерінің құрамында есепке алынады.

Ластану деңгейіне ең көп үлес қосатын көздер тізбесінің кестесі осы Әдістеменің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

21. I немесе II санаттағы объектілер үшін жол берілетін шығарындылар нормативтері атмосфералық ауаға жалпы жүктемені ескере отырып әзірленеді:

1) қазіргі әсер ету деңгейлері (жұмыс істеп тұрған шығарынды көздері үшін) немесе негізделген болжамды әсер ету деңгейі (жаңа және реконструкцияланатын шығарынды көздері үшін);



- 2) атмосфералық ауаның табиғи фонының;
- 3) атмосфералық ауаның базалық антропогендік фоны.

22. Жол берілетін шығарындылар нормативтерін белгілеу кезінде кәсіпорындардың даму перспективаларын, аймақтың физикалық-географиялық және климаттық шарттарын, өнеркәсіп алаңдары мен тұрғын үйлердің, санаторийлердің, демалыс аймақтарының орналасуын, өнеркәсіп алаңдары мен қоныстану аумақтарының өзара орналасуын ескеріледі.

23. Жол берілетін шығарындылардың нормативтері әсер ету саласы шегіндегі атмосфералық ауаға жалпы жүктеме қоршаған орта сапасының белгіленген экологиялық нормативтерін немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бұзуға әкелмейтіндей етіп, сондай-ақ жақын орналасқан тұрғын аймақ аумағында атмосфералық ауаның жер бетіндегі қабатындағы ластаушы заттардың есептік ең жоғары бір реттік шоғырлануы фондық шоғырлануды ескере отырып, тиісті экологиялық сапа нормативтерінен аспайтындай етіп белгіленеді.

Курорттарды санитариялық қорғау аймақтары, ірі сауықтыру орындары мен демалыс үйлерінің орналасу орындары, қалалардың демалыс аймақтары үшін, сондай-ақ, атмосфералық ауаны қорғауға жоғары талаптар қойылатын басқа да аумақтар үшін әлеуетті қауіпті химиялық заттардың рұқсат етілетін ең жоғарғы бір реттік шекті шоғырланулары 0,8 сапаның экологиялық нормативтері ауыстырылады.

24. Жылжымалы көздердің қозғалтқыштарынан газ ауа қоспасының ең жоғарғы бір реттік шығарындылары (г/с) жылжымалы көздердің жұмысы олардың стационарлық орналасуымен байланысты болған жағдайда ғана атмосфералық ауаға әсерді бағалау мақсатында есепке алынады. Жылжымалы көздердің қозғалтқыштарынан жалпы шығарындылар (т/жыл) нормаланбайды және зиянды заттар шығарындылардың жалпы көлеміне енгізілмейді.

Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар тізімінің кестесі осы Әдістеменің 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

25. Қатты бөлшектердің (шаңның) жер беті шоғырлануларын анықтау үшін атмосфералық ауада төселетін бетке аталған бөлшектердің гравитациялық шөгу жылдамдығын есепке алатын F өлшемсіз коэффициент қолданылу керек.

F коэффициентінің шамасы шаңның құрамына және көзде орнатылған шаңтазартқыштың тиімділігіне байланысты 1-ден 3-ке дейін өзгереді. Егер тасталатын шаң бөлшектерінің салмағын өлшемдері бойынша бөлу туралы мәліметтер болған жағдайда F коэффициентінің шамасы нақтылануы мүмкін.

Шығарындылардың құрамындағы зиянды заттар қатарының диспенсерлік құрам туралы қолдағы мәліметтерге тиісті атмосферада сейілуі есептеу кезінде электр- немесе газдәнекерлеу әдістерімен металдарды пісіру немесе кесу кезінде қатты бөлшектер, жылжымалы көлік құралдарының қозғалтқышы жұмыс істеп тұрғанда қорғасын пен оның қосылыстары, қазандықтардан – бенз(а)пирен мен күйе, жану үдерістерінде – диоксиндер (фурандар), ілеспе мұнай газын жаққанда – күйе үшін  $F = 1$  параметр шамасын қабылдау ұсынылады.

Бұнда шығарындыларды тазартуға және диспенсерлік құрамына тәуелсіз атмосфераға шыққаннан кейін (ылғалды төсілмен глинозем өндіргенде) бірден оның қарқынды кон-

денсациясы бақыланатындай құрамында су буының көлемі жыл бойында жеткілікті шығарындылар үшін параметр шамасы  $F = 3$ .

26. Атмосфераның ластануын есептеу және шығарындыларын анықтау кезінде технологиялық үдерістер мен көлік құралдарының барлық түрлері үшін атмосфераға түсетін азот тотықтарының толық немесе жартылай өзгеруін есепке алу керек. Бұл үшін есеп бойынша немесе аспаптық өлшемдермен белгіленген азот тотықтарының ( $MNO_x$ ) шығарындыларының мөлшері  $NO_2$  қайта есептегенде келесі құрамдастырушыларға бөлінеді азот оксиді (NO) мен азот диоксиді.  $NO_x$  өзгеру коэффициенттерді ең жоғарғы белгіленген өзгеру деңгейінде қабылданады, басқаша айтқанда 0,8 –  $NO_2$  үшін, 0,13 – NO үшін. Сонда жеке шығарындылар келесі формулалар бойынша анықталады:

$$M_{NO_2 \text{ сек.}} = 0,8 \times M_{NO_x \text{ сек.}}, \quad M_{NO_2 \text{ жыл}} = 0,8 \times M_{NO_x \text{ жыл.}} \quad (1)$$

$$M_{NO \text{ сек.}} = 0,13 \times M_{NO_x \text{ сек.}}, \quad M_{NO \text{ жыл}} = 0,13 \times M_{NO_x \text{ жыл.}} \quad (2)$$

27. Жол берілетін шығарындыларды нормалау кезінде объектінің әсер ету саласының жеткіліктілігін бағалау жүзеге асырылады. Объектінің атмосфералық ауасына әсер ету саласы шегінде атмосфералық ауаға жалпы жүктемеге объектінің жеке үлесін ескере отырып, Шетелде белгіленген сапаның экологиялық нормативтері және/немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері сақталатын облысты шектейтін жергілікті жердегі тұйық сызықтың проекциясы ретінде айқындалады ( $C_{ipr}/C_{lз} \leq 1$ ).

Әсер ету объектісі аумағының графикалық материалдарына әсер ету саласының шектері (қаланың бас жоспары, аумақтық жоспарлау схемасы, топографиялық карта, ситуациялық схема) арнайы ақпараттық белгілермен белгіленеді.

28. Атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын нормалау елді мекендердің атмосфералық ауа сапасының гигиеналық өлшемдерін сақтау қажеттілігіне негізделген.

Бұл жағдайда төмендегі қатынасты орындау керек:

$$C/CЭН \leq 1, \quad (3)$$

мұнда  $C$  – ауаның жер үсті қабатында зиянды заттың есептік шоғырлануы;

$CЭН$  – сапаның экологиялық нормативтері.

Сапаның экологиялық нормативтері бекітілгенге дейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен гигиеналық нормативтер қолданылады.

Елді мекендердің атмосфералық ауасы үшін гигиеналық нормативтер ретінде атмосфераға шығарындыларды нормалау мақсатында әлеуетті – қауіпті химиялық заттардың рұқсат етілген ең жоғарғы бір реттік шоғырлануының мәндері (РЕШШе.б.) егер болмаған жағдайда – әлеуетті – қауіпті химиялық заттардың бағдарлы қауіпсіз әсерлер деңгейлері (бұдан әрі – БҚӘД) нормативтерінің мәндері қабылданады.

Егер зат үшін тек рұқсат етілетін орташа тәуліктік шоғырлануы (РЕШШо.т.) болса, онда ол үшін төмендегі қатынас қолданылады:

$$0,1 C \leq \text{РЕШШО.Т.}, \quad (4)$$

29. Атмосфералық ауада әрекеттері жинақталатын қасиеттері бар бірнеше ( $n$ ) зиянды зат бірге болған жағдайда олардың шоғырлануының қосындысы келесі формуламен есептеу кезінде бірден аспау керек:

$$C1 / CЭН1 + C2 / CЭН2 + \dots + Cn / CЭНn \leq 1, (5)$$

мұнда  $C1, C2, \dots, Cn$  – атмосфералық ауада заттардың іс жүзінде шоғырлануы;  
 $CЭН1, CЭН2, \dots, CЭНn$  – сол заттардың рұқсат етілген сапаның экологиялық нормативтері.

30. Жергілікті жердің метеорологиялық сипаттамалары, атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың шашырау есептерін модельдеуді жүргізу үшін қажетті шашырау жағдайларын айқындайтын коэффициенттер туралы ақпарат қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратты өндірушілердің деректері бойынша немесе олар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары бойынша қабылданады.

Атмосфералық ауаға жалпы жүктемені айқындау кезінде күнтізбелік жыл ішінде осы Әдістеменің 18-тармағында көрсетілген әсерлердің сәйкес еместігі (маусымдылығы) ескеріледі.

Нормативтерді анықтау кезінде атмосфераны ластау көзі үшін ауадағы қаланың немесе басқа елді мекеннің басқа көздерінен (оның ішінде, автокөліктен) зиянды заттардың аялық шоғырлану шамалары  $Cф$  ( $mg/m^3$ ) есепке алынады. Бұл үшін (3) қатынаста  $C$  орнына  $C + Cф$  қабылданады.

Қала атмосферасында ластаушы заттардың шашырау жағдайларын анықтайтын метеорологиялық сипаттамалар мен коэффициенттер кестесі осы Әдістеменің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

31. Шығарындылар нормативтерін белгілеу кезінде атмосфераның ластануын есептеу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен жер бетінің үстіндегі екі метрлік қабаттағы ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануын, сондай-ақ атмосфералық ауадағы шоғырланулардың тігінен бөлінуін есептеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Атмосферадағы ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануын модельдеу атмосферадағы ластаушы заттардың шығарындыларының нормативтерін белгілеу кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалық кешендерді пайдалана отырып жүзеге асырылады.

32. Оператор бекіткен шығарындылар нормативтерін белгілейтін құжаттама Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 114-бабына сәйкес кешенді экологиялық рұқсат немесе 122-бабына сәйкес әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш құрамында электрондық түрде беріледі.

33. Бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде бір операторға тиесілі, бір санатқа жататын, қоршаған ортаға зиянды әсер ететін екі немесе одан да көп объектілер болған кезде жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы тұтастай Оператордың қалауы бойынша әзірленуі мүмкін.

Қоршаған ортаға зиянды әсер ететін объектілердің өзара әсері болмаған кезде жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасында әрбір объект үшін ластаушы заттардың жерге жақын шоғырлануының сөйілуін модельдеу келтіріледі.

34. Әсер ету көздері болып табылатын жұмыс әрекеттегі объектілер үшін атмосфералық ауаға жалпы жүктемеге салымды қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтеріне немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне дейін төмендету шартымен өндірістерге реконструкциялау немесе қайта бейіндеу жүргізуге рұқсат етіледі.

35. Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар болжанатын стационарлық бақылау бекеттерімен қамтамасыз етілген елді мекендерде рұқсат етілген әсер ету нормативтерін белгілеу кезінде атмосфераның ластануын есептеу операторлардың әрбір жұмыс режимі бойынша қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың әрекет ету кезеңінде шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыруын ескере отырып жүргізіледі.

36. Жол берілетін шығарындылар нормативтерін белгілеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атмосфераны ластаудың стационарлық көздерінің жұмысын ішінара немесе толық тоқтатуға дейін зиянды заттар шығарындыларын азайтуды қамтамасыз ететін қолайсыз метеорологиялық жағдайларда оператор жүзеге асыратын іс-шаралар қаралуға тиіс.

Осы Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚМЖ кезеңдерінде атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар кестесі және ҚМЖ кезеңдерінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының сипаттамалары толтырылады.

Ұйымдастырушылық, технологиялық және техникалық іс-шараларды іске асыру тәртібі, әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті жергілікті атқарушы органын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін барлық техникалық ықтимал жағдайларда тікелей аспаптық өлшеулердің деректерімен расталатын ластаушы заттардың шығарындыларын азайту жөнінде қабылданған шаралар туралы хабардар ету жол берілетін шығарындылар нормативтерін белгілеу кезінде жүргізіледі.

Ластаушы заттардың шығарындыларын (шығарындыларын) азайту бойынша рұқсат етілген шығарындылар (жол берілетін төгінділер) нормативтеріне қол жеткізу мақсатында техникалық іс-шаралар жоспарының кестесі осы Әдістеменің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

37. Стационарлық көздің және (немесе) жұмыс істеп тұрған I санаттағы объектіде орналасқан стационарлық көздер жиынтығының осы Кодекске сәйкес кешенді экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялар нормативтерін (мемлекет қоршаған орта сапасының неғұрлым қатаң нормативтерін немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін енгізген кезде) және (немесе) технологиялық нормативтерді сақтауы мүмкін болмаған кезде кешенді экологиялық рұқсатқа қосымша ретінде он жылдан аспайтын мерзімге экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы келісіледі. Осындай I санаттағы объектіге қатысты экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын орындау кезеңіне кешенді экологиялық рұқсат алуға өтініш берілген күнге қолданыста болатын экологиялық рұқсатқа және мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына (ол болған кезде) сәйкес эмиссиялар нормативтері қолданылады. Осы Кодекстің 119-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайда мұндай эмиссиялар нормативтері экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасында көзделген қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуді кезең-кезеңімен төмендету көрсеткіштері ескеріле отырып қолданылады. Қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуді кезең-кезеңімен төмендетудің әрбір тиісті көрсеткішіне қол жеткізілгеннен кейін мұндай көрсеткіш оператор үшін міндетті норматив болады.

38. Стационарлық көздің және (немесе) жұмыс істеп тұрған I немесе II санаттағы объектіде орналасқан стационарлық көздер жиынтығының осы Кодекске сәйкес әсер етуге арналған экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялар нормативтерін (мемлекет қоршаған орта сапасының неғұрлым қатаң нормативтерін немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін енгізген кезде) сақтауы мүмкін болмаған кезде әсер етуге арналған экологиялық рұқсатқа қосымша ретінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары келісіледі. Осындай объектіге қатысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау кезеңіне әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтініш берілген күнге қолданыста болатын экологиялық рұқсатқа және мемлекеттік экологиялық сараптаманың (ол болған кезде) қорытындысына сәйкес эмиссиялар нормативтері қолданылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының қолданылу кезеңінде объектінің операторы қол жеткізуге тиіс қоршаған ортаға теріс әсер етуді төмендету көрсеткіштері және осындай көрсеткіштерге кезең-кезеңімен қол жеткізу графигі қамтылуға тиіс. Қоршаған ортаға теріс әсер етуді кезең-кезеңімен төмендетудің әрбір тиісті көрсеткішіне қол жеткізілгеннен кейін мұндай көрсеткіш оператор үшін міндетті норматив болады.

39. Жалпы алғанда оператор үшін зиянды заттардың шығарындыларын төмендету тиімділігі барлық техникалық ықтимал жағдайларда тікелей құрал-саймандық өлшемдер деректері бойынша анықталатын көздерде шығарындыларды төмендету бойынша бағаланады. Мұның өзінде шығарындыларды төмендетудің жылдық көлемін есепте осы өндіріс үшін әрекет ететін шығарындыларды есептеу әдістемесіне сәйкес орындалады.

40. Шығарындылар нормативтері белгіленген операторлар өз техникалық және қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуын қадағалау үшін қажет көлемде әзірленген бағдарлама негізінде жол берілген шығарындылардың өндірістік экологиялық бақылануын жүргізеді.

Шығарындылар көздерінде жол берілетін шығарындылар нормативтерінің сақталуын бақылаудың жоспар-кестесінің кестесі осы Әдістеменің 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

*Жалғасы келесі нөмірде*

## «Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

«Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-49 бұйрығы

Күшіне енді: 2021.02.07

*Жалғасы. Басы № 7, 2021*

20. Салынып жатқан биік ғимараттардағы, монтаждау белдеулеріндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезінде «Биодәретхана» мобильді дәретхана кабиналары мен жұмысшылардың жылынуына арналған пункттер орнатылуы қажет, олар әр кезде жүктерді крандармен тасымалдау жүргізілмейтін аймаққа (қауіпті аймақтан тыс) қойылады.

Биодәретхана мобильді дәретхана кабиналары толуына байланысты тазартылады және лас іркінділер арнайы автокөлікпен шығарылады.

21. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның немесе салынып жатқан объектінің аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді мынадай іс-шаралар:

- 1) өндіріс үшін бөлінетін аумақтың шекарасын белгілеу;
- 2) бөлінген аумақта қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

22. Құрылыс материалдары мен конструкциялары объектіге пайдалануға дайын күйінде келіп түседі.

23. Жұмыс істеген кезінде зиянды газдар, булар және шаң бөлуі мүмкін жабдық зиянды заттардың бөліну көздерінің берік тұмшалануын қамтамасыз ететін барлық қажетті жабындары мен құрылғыларының толық жиынтығымен жеткізіледі. Жабындар өндіріс қалдықтарын механикалық жоюға арналған аспирациялық жүйелерге қосуға арналған құрылғымен (фланецтер, келте құбыр және басқалар) жабдықталады.

24. Пайдалану құжаттамасында белгіленген жағдайларда машиналарды, көлік құралдарын пайдалану кезінде машинисттің (жүргізушінің) жұмыс орнындағы, сондай-ақ машиналардың (механизмдердің) жұмыс аймағындағы шудың, дірілдің, шаңның, газдың



деңгейі санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес белгіленген гигиеналық нормативтерден аспайды.

25. Жұмыс уақытында еркектерге салмағы 15 килограммға (бұдан әрі – кг), әйелдер үшін 7 кг дейінгі жүктерді екі метрден (бұдан әрі – м) астам биіктікке көтерген кезде тиеу-түсіру жұмыстары механикаландырылады.

26. Сусымалы, шаң тәрізді және қауіпті материалдармен тиеу-түсіру операциялары жеке қорғаныш құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

27. Ыдыс жарамсыз болғанда, оған таңба салынбағанда және ескертпе жазба жазылмағанда қауіпті жүктерді тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға жол берілмейді.

28. Бетонды, темір-бетонды, тас қалау жұмыстарын жүргізгенде және кірпіш қалағанда арматураны дайындау және өңдеу арнайы жабдықталған орындарда жүргізіледі.

29. Бетон массасын нығыздау қашықтықтан басқарылатын электр дірілдеткіш пакеттермен жүргізіледі.

30. Бетон қоспасын төсеу алдында құрылыс қоқысы өнеркәсіптік шаңсорғышпен жойылады. Арматуралы тор мен бетондалған үстіңгі қабатты сығымды ауамен үрлеуге жол берілмейді.

31. Аумақ алаңы шегінде табиғи тастарды өңдеу арнайы бөлінген орындарда жүргізіледі. Бір-бірінен кемінде үш метр қашықтықта орналасқан жұмыс орындары қорғаныш экрандарымен бөлінеді.

32. Көп қабатты ғимараттардың сыртқы қабырғаларын көрінуді нашарлататын ауа-райы жағдайлары кезінде қалауға және әрлеуге жол берілмейді.

33. Конструкциялардың монтаждауға жататын элементтерін батпақ және қызылсу мұзынан тазалау, конструкциялар мен жабдықты сырлау және тот басудан қарсы қорғау оларды көтеру алдында жүргізіледі. Көтерілгеннен кейін сырлау және тот басуға қарсы қорғау конструкциялардың түйісетін немесе қосылатын орындарында жүргізіледі.

34. Монтаждауға жататын жабдықты қаптамасынан және консервациядан шығару арнайы стеллажда немесе төсемдерде; ірілендірілген құрастыру және дайындап шығу (құбырдағы бұранданы қию, құбырды майыстыру, жапсарлап қиюластыру және басқа да жұмыстар) осы мақсат үшін бөлінген алаңдарда жүргізіледі.

35. Өрттен қорғайтын құрамдарды дайындау желдету жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі арқылы жылжымалы станцияларда компоненттерді автоматты түрде беретін және дозалайтын ерітінді араластырғышты пайдалану арқылы жүргізіледі. Үй-жайда жұмыспен байланысы жоқ адамдардың болуына жол берілмейді.

36. Өрттен қорғайтын жабынды жасайтын жұмысшылар жұмыстың әр сағаты сайын он минуттық үзіліс жасайды, ерітінділерді дайындау және жағу бойынша технологиялық операциялар жұмыс аптасы ішінде алмасып тұрады.

37. Жоғары шағылысу қабілетіне ие материалдарды (алюминий, титан негізіндегі қорытпа, тоттанбайтын болат) дәнекерлеу кезінде дәнекерлеу доғасы мен дәнекерленетін бұйымның беті ішіне салынған немесе тасымалданатын экрандар арқылы экрандалады.

38. Даналық электродпен қолмен дәнекерлеген кезде пневматикалық, магнитті және басқа да ұстағышы бар тасымалданатын шағын габаритті ауа қабылдағыштар пайдаланылады.

39. Тігінен әртүрлі деңгейде дәнекерлеу жұмыстарын жүргізгенде төмен орналасқан деңгейлерде жұмыс істеп жатқан персоналды қорғау көзделеді.

40. Орташа және шағын көлемді бұйымдарды стационарлы жағдайда дәнекерлеу жергілікті сору желдеткіші орнатылған жанбайтын материалдан жасалған төбесі ашық кабиналарда жүргізіледі. Кабинадағы бір дәнекерлеу орнына арналған бос алаң кемінде 3 (үш) шаршы метр (бұдан әрі – м<sup>2</sup>) көзделеді.

41. Тұйық және қолжетімділігі қиын кеңестіктерде дәнекерлеу сору құрылғысы бар жергілікті сору желдеткішінің үздіксіз жұмыс істеуі кезінде жүргізіледі.

42. Металдарды газ жалынымен өңдеуге арналған әр стационарлық жұмыс орнына, жабдық және өту жолдары алып жатқан алаңнан басқа кемінде 4 (төрт) м<sup>2</sup> беріледі. Өту жолдарының ені кемінде бір метр болуы тиіс. Газ жалынымен тозаңдату операторы жұмыс орнының алаңы кемінде он шаршы метр көзделеді.

43. Жабындарды газ жалынымен тозаңдату және ұнтақ материалдарын ірі бұйымға балқытып қаптастыру қолмен сороды пайдалану арқылы үй-жайларда жүргізіледі.

44. Жабындарды газ жалынымен тозаңдату және ұнтақты балқытып қаптастыру үшін бункерге ұнтақты құю және жинау жергілікті сороды пайдалану арқылы немесе сору желдеткішімен жабдықталған арнайы камера мен кабиналарда жүргізіледі.

45. Дәнекерлеу мен кесудің механикаландырылған процестері үшін машиналарға немесе жабдыққа салынып жасалған жергілікті соратын шаң және газ қабылдағыштар құрылғысы көзделеді.

46. Тұйық кеңестіктерде және қолжетімділігі қиын орындарда газ жалынымен өңдеу:

- 1) үздіксіз жұмыс істейтін сыртқа тарату-ішке сору желдеткіші болғанда;
- 2) стационарлық немесе жылжымалы қондырғылардан жергілікті сороды ұйымдас-тыру арқылы арнайы желдеткіш құрылғысын орнатқанда;
- 3) жабындарды детонациялық тозаңдатуды жүргізу үшін үй-жайдың дыбыстық оқшау-лауы кезінде жүргізіледі.

47. Дәнекерлеу, кесу, балқытып қаптастыру, тазалау және қыздыруға арналған жұмыс орындары шудан, инфрақызыл сәулелену мен балқытылған металдың шашыруынан ұжымдық қорғаныш құралдарымен (жанбайтын материалдан жасалған экран және шымылдық) жабдыкталады.

48. Технологиялық жабдықта және құбырларда оқшаулау жұмыстары олар орнатыл-ғанға дейін немесе тұрақты бекітілгеннен кейін орындалады.

49. Аппараттардың ішінде немесе жабық үй-жайларда оқшаулау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орындары механикалық желдеткішпен және жергілікті жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.

50. Битум мастикасы жұмыс орындарына битум сымы бойынша немесе жүк көтергіш кранның көмегімен ыдыстарда жеткізіледі. Битумды қолмен орналастыру кезінде қақпағы тығыз жабылатын металл бөшкелер қолданылады. Оқшаулау жұмыстарында температу-расы плюс (бұдан әрі – «+») 180 Цельсий градуспен (бұдан әрі – °С) жоғары битум масти-каларын пайдалануға жол берілмейді.

51. Пенополиуретанды дайындау және құю кезінде компоненттердің жұмысшының де-несіне түсуіне жол берілмейді.

52. Шыны мақта, қожмақтасы, асбест үгіндісі, цемент контейнерлермен немесе пакеттермен беріледі.

53. Асбестпен жұмыс істеген кезде ескі оқшаулағышты бөлшектеу ылғалдауышты қолдану арқылы жүргізіледі.

54. Тот басуға қарсы жұмыстарды орындайтын учаскеде және үй-жайда технологиялық операциялардың механикаландырылуы және сыртқа тарату-ішке сору желдеткіші көзделеді.

Құмағызғышжәне бытыраағынды тәсілдерін қолдана отырып, тот басуға қарсы жабынға жататын үстіңгі беттерді тұйық ыдыстарда тазалауға жол берілмейді.

55. Тот басуға қарсы лак-бояу материалдарын және желімдерді қолмен жағу сабының басында қорғаныш шайбасы бар жаққышпен жүзеге асырылады.

56. Жұмыстарды ыдыстардың, камералардың ішінде және жабық үй-жайларда жүргізген кезде мәжбүрлі желдету және электрмен жарықтандыру жүйесімен жабдықталады.

57. Ерітіліп жатқан руберойдтың балқытылатын негізін кептіруге арналған құрылғы қорғаныш экрандарымен жабдықталады. Жұмысшылардың аяқ жағында жылуды көп бөлетін машиналар мен механизмдердің жылу қорғаныш экрандарының биіктігі кемінде 500 миллиметр (бұдан әрі – мм) болады.

58. Жанғыш және тез тұтанатын материалдарды сақтау және тасымалдау жабық ыдыста жүзеге асырылады. Материалдарды сынатын (шыны) ыдыста сақтауға және тасымалдауға жол берілмейді.

59. Шатырдың элементтері мен бөлшектері жұмыс орнына контейнерлерде беріледі, оларды тікелей төбеде дайындауға жол берілмейді.

60. Сылау және майлау жұмыстары үшін сусымалыкомпоненттерден ерітінді дайындау жүргізілетін үй-жайлар механикалық желдеткішпен жабдықталады.

61. Майлау құрамдары желдеткішпен, жуу құралдарымен және жылы сумен жабдықталған үй-жайда орталықтандырылып дайындалады.

Сырлар мен материалдардың жұмыс құрамдары арнайы алаңдарда дайындалады.

62. Жұмыс құрамдарын (лак-бояу материалдары, майсыздайтын және жуатын ерітінділер), сығылған ауаны стационарлық бояу жабдығына беру жұмыскерлерді қорғаудың ұжымдық құралдарын қосу арқылы блоктайды.

63. Жұмыс ерітінділерін дайындау үшін салмағы он килограмнан астам бөшкелерден, бидондардан және басқа ыдыстан бояу материалдарын құю кезінде аталған процесті механикаландыруды көздеу қажет.

64. Сылау және майлау жұмыстарын жүргізу кезінде:

1) үй-жайлардың ішіндегі сылау жұмыстары үшін үстіңгі бетті дайындау кезінде оларды құрғақ құммен өңдеуге;

2) декоративтік түрлі-түсті сылақ үшін қорғасын, мыс, қалайы реңктерін қолдануға;

3) құрылыс жүргізу жағдайларында әкті езуге;

4) үй-жайларда лак-бояу материалдарын пневматикалық бүркуге;

5) құрамында сүрме, қорғасын, күшән, мыс, хром қоспалары бар лак-бояу материалдарын, сондай-ақ түк қаптап кетуге қарсы сырды, эпоксидті қарамай және тас көмір лагы негізіндегі құрамды бүрку әдісімен жағуға;

6) мәжбүрлеп желдеткішпен жабдықталмаған бояйтын құрамдарды дайындау үшін мобильді бояу станцияларын пайдалануға;

7) үй-жайға өртелген отын өнімдерін бөлетін мұржасыз темір пешпен және басқа құрылғыларымен үй-жайды жылытуға және құрғатуға жол берілмейді.

65. Қаптау, балташылық, ұстаның және шыны жұмыстарына арналған материалдар жұмыс орнына дайын күйінде механикаланған әдіспен жеткізіледі. Шыныны көтеру және тасымалдау қауіпсіз құрал-жабдықтарды қолдану арқылы немесе арнайы ыдыста жүргізіледі.

Төсеме тақталарда конструкцияларды дайындауға жол берілмейді.

66. Ерітінді құю және қаптау материалдарын өңдеу механикалық желдеткішпен жабдықталған үй-жайда құмағызғыш аппараттардың көмегімен орындалады.

67. Антисептикалық және өрттен қорғайтын құрамдар желдеткішпен жабдықталған бөлшек үй-жайларда дайындалады. Қатарлас үй-жайларда жұмыс жасаған уақытта немесе бір үй-жайда жұмысты қатар жүргізгенде конструкцияларды өңдеуге жол берілмейді.

68. Құмағызғыш аппараттардың көмегімен шыныны өңдеу көзге, тыныс алу органына және қолға арналған жеке қорғаныш құралдарымен жүргізіледі.

69. Шыныны тілу ауа температурасы плюс болғанда арнайы үстелдерде көлденең күйінде жүзеге асырылады.

70. Аккумуляторлық батареяларды монтаждау әрлеу жұмыстары аяқталғаннан, желдету, жылыту және жарықтандыру жүйелері сыналғаннан кейін жүзеге асырылады.

71. Қышқылды электролит қорғасын немесе болат жалатылған ыдыстарда дайындалады. Электролитті жағу үшін шыны немесе эмалданған ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді.

72. Оттықтарды, дәнекерлеу шамдарын жағу, кабель массасы мен балқытылған дәнекерді қыздыру кабельді құдықтан кемінде екі метр қашықтықта жүргізіледі. Балқытылған дәнекер және қыздырылған кабельді масса кабелді құдыққа арнайы шөмішпен немесе жабық бөшекелерде беріледі.

73. Кабель массасын жабық үй-жайда қыздырған кезде механикалық желдету жүйесімен жабдықталады.

74. Аккумуляторлық үй-жайларда электродтарды балқыту, дәнекерлеу аккумулятор батареяларының заряды аяқталғаннан кейін екі сағаттан кейін жүргізіледі.

75. Бұранда қосылыстарды тығыздау үшін зығыр және түбір ұштарын қорғасын қызыл бояуымен сіңдіруге жол берілмейді.

76. Жабық үй-жайларда зиянды химиялық заттарды пайдалану арқылы әрлеу немесе тот басуға қарсы жұмыстар табиғи және механикалық желдеткішті және жеке қорғаныш құралдарын пайдалану арқылы жүргізіледі.

77. Зиянды газ, бу және шаң бөлуі мүмкін жабдық зиянды заттардың бөліну көздерінің берік тұмшалануын қамтамасыз ететін жабынмен және қондырғымен жабдықталады.

78. Шаң бөлетін машиналар (уатқыш, ұнтақтағыш, араластырғыш және басқалар) шаң басу немесе шаң ұстау құралдарымен жабдықталады.

79. Қол машиналарын пайдалану мынадай:

1) бөлшектердің жиынтығын және бекітілу беріктігін, машинаны жұмысқа әрбір берген кезде қорғаныш қабының жарамдылығын тексеру;

2) он килограмм және одан да астам салмақтағы қол машиналары іліп қоюға арналған құралмен жабдықталуы тиіс;

3) машиналарға уақтылы жөндеу жүргізу және діріл сипаттамалары параметрлерін жөндеуден кейін бақылау талаптарын орындаған жағдайда жүзеге асырылады.

80. Пышақтардың немесе соған ұқсас кесетін құрал-саймандардың саптарының тайып кетуінің алдын алатын сақтандырғыш тұтқасы болады. Дірілдеткіштердің тұтқасы амортизаторлармен жабдықталған, тұтқа түрі жылуды аз өткізетін материалдан дайындалады.

81. Материал жұмыс орындарына механикаландырылып тасымалданады. Ұнтақ тәрізді және басқа да сусымалы материалдар тығыз жабылған ыдыста тасымалданады.

82. Жұмыс орындарында лак-бояу, оқшаулау, әрлеу және басқа да материалдар ауысымдық қажеттіліктен аспайтын көлемде сақталады.

83. Құрамында зиянды заттар бар материалдар герметикалық жабық ыдыста сақталады.

84. Цемент силостарда, бункерлерде, ларларда және басқа да жабық ыдыстарда сақталады.

85. Жанғыш және тез тұтанатын материалдар жабық ыдыста сақталады және тасымалданады. Материалдарды сынатын (шыны) ыдыста сақтауға және тасымалдауға жол берілмейді. Ыдыстың тиісті жазбасы болады.

86. Салуға, реконструкциялауға, қайта бейіндеуге және жөндеуге арналған құрылыс және әрлеу материалдарының Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсаты болады.

87. Құрылыс алаңындағы жұмыс орындарының құрылғысы мынадай талаптарға сәйкес болады:

1) жұмыс орнының алаңы еңбек процесін орындау үшін талап етілетін құрылыс машиналарын, тетіктерді, құрал-сайманды, мүкамалды, құрал-жабдықтарды, құрылыс конструкцияларын, материалдар мен бөлшектерді орналастыру үшін жеткілікті жабдықталады;

2) жұмысшы ұзақ уақыт бойы денесін еңкейтіп, керілген қалыпта, қолын жоғары көтерген қалыпта жұмыс істемейді.

88. Қолмен немесе қарапайым құрал-жабдықтарды қолдана отырып орындалатын процестер қол жететін аймақта, қол машиналарының көмегімен орындалатын процестер оңтайлы қолжететін аймақта, машиналарды басқарумен байланысты процестер (операторлар, құрылыс машиналарының машинистері) жеңіл қолжететін аймақта жүзеге асырылады.

89. Жұмыс орны материалдар мен еңбекті техникалық жабдықтау құралдарын орналастыруға арналған аймақты, қызмет көрсету аймағын (көлік аймағы) және жұмыс аймағын қамтиды.

90. Жұмыс орындары құрылыс машиналарымен, қол және механикаланған құрылыс құрал-сайманымен, байланыс құралдарымен, шу және дірілді шектеуге арналған құрылғылармен жабдықталады.

91. Жұмысы шаң тәрізді материалдармен жүргізілетін учаскелер аспирациялық немесе желдету жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

92. Әк, цемент, гипс және басқа да шаң материалдарын өңдеуге арналған қондыр-

ғыларда қақпағын, қуаттандырғышын және тетігін басқару шығарылатын пульттермен жүзеге асырылады.

93. Аражабынның, лифт құрылғыларының, баспалдақ торларының ойықтары тұтас жабынмен жабылады немесе қоршалады.

94. Шу деңгейі жоғары машиналарды пайдаланған кезде:

- 1) оның пайда болу көзінде шуды азайтуға арналған техникалық құралдар;
- 2) қашықтықтан басқару;
- 3) жеке қорғаныш құралдары;

4) еңбек пен демалудың тиімді режимін таңдау, жұмыс аймағында шу факторларының әсер ету уақытын қысқарту, емдеу-профилактикалық және басқа іс-шаралар қолданылады.

95. Естудің жеке қорғаныш құралдарын пайдаланбай дыбыс деңгейі сексен децибелден жоғары аймақтарда жұмыс істеуге және құрылысшылардың дыбыс деңгейі жүз жиырма децибелден жоғары аймақтарда болуына жол берілмейді.

96. Желім, мастика, сыр және иісі қатты шығатын материалдар қолданылатын немесе дайындалатын жұмыс орындары табиғи желдетумен қамтамасыз етіледі, жабық үй-жай механикалық желдету жүйесімен жабдықталады.

97. Машиналарға, көлік құралдарына, өндірістік жабдыққа және механикаландырудың басқа да құралдарына техникалық қызмет көрсету кезінде және ағымдағы жөндеу кезінде жұмыс орны жүк көтергіш құрал-жабдықтармен жабдықталады.

98. Тұрып жұмыс істейтін құрылысшылардың жұмыс орындарында тереңдігі кемінде 150 мм және ені 530 мм табанды қоюға арналған кеңістік болады.

99. Бес кг дейін күш салынатын аз қозғалатын, басын айтарлықтай қозғалтпай жасалатын жұмыс отырған күйі орындалады.

100. Екі метр және одан да биіктікте жұмыс жасағанда жұмыс орнының алаңы болады. Алаңның ені кемінде 0,8 м, жақтаудың биіктігі 1 м және төменгі жағы кемінде 150 мм биіктікте бүтіндей қапталуы қажет. Қаптама мен жақтаудың арасындағы алаң төсемін 500 мм биіктікте алаңның барлық периметрі бойынша қосымша қоршалатын тор орнатылады.

101. Алаңдарға өтетін баспалдақтар басқыштарының ұзындығы кемінде 200 мм, ені кемінде 700 мм, жанбайтын материалдан жасалады.

102. Жұмыстың ауысым ішілік режимі суықта үздіксіз болу уақытын және жылыну уақытын регламенттеу есебінен жұмыс істеушілердің қатты тоңуының алдын алуды көздейді.

103. Жылыну орындарында ауа температурасы +21 – +25 °С деңгейін ұстап тұрады. Қолды және табанды жылытуға арналған үй-жай +40 °С аспайтын жылыту құрылғыларымен жабдықталады.

104. Ауа температурасы минус 40 °С төмен болған жағдайда, беттің және жоғары тыныс алу жолдарының қорғалуы көзделеді.

105. Жұмыс орындарында ауызсумен жабдықтау құрылғылары орналастырылуы және ыстық шай, минералды сілтілі су, сүт қышқылы сусындарын беру көзделеді. Сұйықтықтың қолайлы температурасы +12 – +15 °С болады.

106. Сатураторлық қондырғылар және ауызсу бұрқақтары жұмыс орындарынан, киім ілетін орындардан, әйелдердің жеке гигиенасына арналған үй-жайлардан, тамақтану



пункттерінен, жұмысшылардың демалатын орындарынан және күн радиациясы мен атмосфералық жауын-шашыннан қорғанатын паналардан жетпіс бес метрден қашық емес аралықта орналастырылады.

107. Биіктікте жұмыс істейтін жұмысшылар, жер қазатын және жол машиналарының машинистері, кран машинисті және басқалар ауызсуға арналған жеке флягалармен қамтамасыз етіледі.

108. Жұмысшыларға және инженерлік-техникалық персоналға жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібіне және нормаларына сәйкес арнайы киім, арнайы аяқкиім және жеке қорғаныш құралдары беріледі.

109. Жұмыскерлерге берілетін жеке қорғаныш құралдары олардың жынысына, бойына және өлшеміне, орындайтын жұмысының сипаты мен жағдайларына сәйкес болуы және берілген уақыт ішінде өндірістің зиянды және қауіпті факторлар әсерін азайтуды қамтамасыз етеді.

110. Жұмыс беруші жеке қорғаныш құралдарын тиісінше күтуді және олардың сақталуын ұйымдастырады, арнайы киімді, арнайы аяқкиімді және басқа да жеке қорғаныш құралдарын химиялық тазартуды, жууды, жөндеуді, газсыздандыруды, залалсыздандыруды және шаңнан тазартуды уақтылы жүзеге асырады, арнайы киім мен аяқкиімді шаңнан тазарту үшін кептіргіштер мен камералар орнатылады.

111. Зиянды өндірістік факторлардың әсеріне ұшырайтын жұмыскерлер үшін жұмыс ауысымының ұзақтығын ұзартуға жол берілмейді. Ауысым арасындағы демалыс кемінде он екі сағатты құрайды.

112. Монтаждауға жататын конструкциялардың элементтерін мұздан және шаңнан тазарту оларды көтергенге дейін жүргізіледі.

113. Сылау-сүрту машиналарын пайдаланған кезде жұмыс аймағының ауасында шаңның шоғырлануын азайту сүртілетін бетті дымқылдау жолымен жүргізіледі.

114. Үй-жайлардың ішінің сылау жұмыстары үшін үстіңгі беттерін дайындау кезінде оларды құрғақ құммен өңдеуге жол берілмейді.

115. Үй-жайларда лак-бояу материалдарын пневматикалық бүркуге жол берілмейді. Пневматикалық бүріккішпен бояу кезінде қарапайым түтікті шүмегі бар сыр бүріккіштерді қолдануға жол берілмейді.

116. Құрамында сүрме, қорғасын, күшән, мыс, хром бар лак-бояу материалдарды, сондай-ақ түк өсуге қарсы бояулар, эпоксидті қарамай және тас көмір лагының негізіндегі қоспаларды бүрку әдісімен жағуға жол берілмейді.

117. Бояу материалдарын жағу процесінде жұмыскерлер ерітінділердің аэрозолі мен буы ауа ағынымен кетуі үшін таза ауа ағыны келетін жаққа қарай ауыстырылады.

118. Бояу бүріккіштер бір кг аспайтын массада пайдаланылады, бояу бүріккіштің тұтқасына күш салу он Ньютоннан аспайды.

119. Жылыту жүйелерін пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын кептіру үшін ауажылытқыштар қолданылады. Үй-жайға өртелген отын өнімдерін бөлетін мұржасыз темір пешпен және басқа да қондырғылармен үй-жайды жылытуға және құрғатуға жол берілмейді.

120. Құмағызғыш аппараттардың, механизмдердің көмегімен ерітінді құю және қаптау материалдарын өңдеу бойынша жұмыстарды орындау кезінде компрессордан шыққан сығылған ауамен үстіндегі киімді салқындатуға жол берілмейді.

121. Құрылысты механикалық түрмен бөлшектеу кезінде машинистің кабинасы тормен қорғалады.

122. Жұмыскерлерді газ немесе зиянды заттардың пайда болу мүмкіндігі бар орындарға жіберу алдында детоксикациялық іс-шаралар жүргізіледі және үй-жай желдетіледі.

123. Құрылыс алаңында жұмыс жүргізу ауданының климаттық-географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, уақытша стационарлық немесе жылжымалы санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар орнатылады. Оларды құрылыс алаңына орналастыру мүмкін болмаған жағдайда, олар одан тысқары 50 м-ден алыс емес радиуста орналастырылады.

124. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды орналастыруға арналған алаң су баспайтын учаскеде орналастырылады және қазан шұңқырлар, траншеялар болған жағдайда, науалармен және өтетін көпірлермен жабдықталады.

125. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар тиеу қондырғыларынан, бункерлерден, бетонды-еріту тораптарынан және шаң, зиянды бу және газ бөлетін басқа да объектілерден кемінде елу метр арақашықтықта ық жақта орналастырылады.

126. Әрбір құрылыс алаңында жұмыс істеушілердің санына және жұмыс ұзақтығына байланысты мынадай қызметтер көрсетіледі және қамтамасыз етіледі: санитариялық және жуыну үй-жайлары; киім ауыстыруға, сақтауға және кептіруге арналған үй-жайлар; қолайсыз ауа-райы жағдайының себептері бойынша жұмыстағы үзілістер кезінде адамдардың тамақтануына және жылынуына арналған үй-жайлар.

127. Жұмыскер жыныстық белгілеріне қарай жеке санитариялық және жуыну үй-жайларымен қамтамасыз етіледі.

128. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар сыртқа тарату-ішке сору желдеткішімен, жылытумен, кәрізбен жабдықталады және орталықтандырылған салқын және ыстық сумен жабдықтау, су бұру жүйелеріне қосылады. Орталықтандырылған кәріздеу және сумен жабдықтау жүйелері болмаған жағдайда жергілікті жүйелер орнатылады.

129. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларға өтетін жолдар қауіпті аймақтармен (салынып жатқан ғимараттар, төсемсіз және дабыл құралдарынсыз теміржолдар, мұнара крандарының жебесі астында және тиеу-түсіру қондырғылары және басқалар) жанаспайды.

130. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар мыналарды: жылыну және демалу бөлмелерін, киім ілетін орындарды, су жылытатын уақытша себезгі кабиналарын, дәретханаларды, жуынатын орындарды, ауызсумен жабдықтау құрылғыларын, кептіру, шаңсыздандыру және арнайы киім сақтау орындарын қамтиды. Жеке және арнайы киім сақтайтын орындар жеке шкафтармен жабдықталады.

131. Себезгі бөлмесінің, жуынатын, киім ілетін орынның, дәретхананың, арнайы киімдерді сақтауға арналған үй-жайлардың еденітайғақ емес суға төзімді жабынмен жабдықталады, судың ағуы үшін еңісі болады. Киім ілетін орындарда және себезгі бөлмесінде кедір-бұдыр резеңкелі немесе пластмассадан жасалған, жеңіл жуылатын кілемшелер төселеді.

132. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларға құрылыс алаңынан кіреберіс аяқкиімді жууға арналған құрылғымен жабдықталады.

133. Арнайы киім мен аяқкиімді кептіруге арналған үй-жайдың көлемі, оның өткізу мүмкіндігі жұмыстағы ауысымдық үзіліс арасындағы уақыттың барынша көп жүктемесі кезінде кептіруді қамтамасыз етеді.

134. Арнайы киімді кептіру және шаңнан тазарту әрбір ауысымнан кейін жүргізіледі, жуу және химиялық тазарту қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет жүргізіледі. Ұнтақ тәрізді және уытты заттармен жанасатын жұмысшылардың арнайы киімі әрбір ауысымнан кейін қалған арнайы киімнен бөлек жуылады, қысқы арнайы киім химиялық тазартылады.

135. Арнайы киімнің шаңын тазарту және химиялық тазартуға арналған үй-жай жеке орналастырылады және дербес желдеткішпен жабдықталады.

136. Арнайы киімді, құрылысшылардың тұрғылықты жерінен тыс жерлерде уақытша тұратын жағдайда іш киімдер мен төсек әбзелдерін жуу үшін жұмысшылардың санына қарамастан, кір және таза киімдерді орталықтандырып жеткізу арқылы стационарлық, сондай-ақ жылжымалы түрдегі киім жуатын орындармен қамтамасыз етіледі.

137. Тұрмыстық үй-жайларды жинау күнделікті жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі, жинау мүқкамалы таңбаланады, мақсаты бойынша пайдаланылады және арнайы бөлінген орында сақталады.

138. Еңбек жағдайларымен байланысты аурулардың пайда болуының алдын алу мақсатында құрылыста жұмыс істейтін жұмысшылар санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес жұмысқа қабылдану алдында алдын ала және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексеруден өтеді.

139. Барлық учаскелер және тұрмыстық үй-жайлар алғашқы көмек көрсету қобдишаларымен жабдықталады. Уытты заттарды пайдаланатын учаскелер профилактикалық пункттермен жабдықталады. Оларға өтетін жолдар жарықтандырылады, қолжетімді, жолы ашық болады. Профилактикалық пункттер улы заттар пайдаланылатын учаскедегі әрбір жұмыскерге арналған қорғаныш майларымен, уға қарсы заттармен, байлап-таңу құралдарымен және жеке қорғаныш құралдарының авариялық қорымен толықтырылуы қамтамасыз етіледі.

140. Тұрмыстық үй-жайларда дезинсекциялау және дератизациялау іс-шаралары жүргізіледі.

141. Жұмысшылар ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Асханаларды күтіп-ұстау және пайдалану санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес көзделеді.

Тамақты арнайы бөлінген үй-жайларда таратып және қабылдай отырып, базалық асханадан жұмыс орындарына жеткізу жолымен ұйымдастыруға жол беріледі. Арнайы бөлінген үй-жайлар мен тарату пункттеріне «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімделеді.

142. Зиянды және қауіпті еңбекжағдайлары бар учаскелерде жұмыс істейтін адамдар санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес міндетті медициналық қарап-тексеруден өтеді.

143. Инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз елді мекендердің аумағында құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде жұмысшыларға профилактикалық егулер жүргізіледі.

144. Құрамында уытты заттар бар қалдықтарды жинау және жою қолмен тиеуді қоспағанда, жабық контейнерлерде немесе қалың қаптарда жүзеге асырылады.

145. Құрылыс алаңында құрылыс қалдықтарын өртеуге жол берілмейді.

146. Құрылыс кезінде тартып шығарылатын жерасты суларын санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарына сәйкес құрылыс алаңындағы және оған іргелес аумақтағы дақылдық және шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікті қанағаттандыру үшін сумен жабдықтаудың тұйық схемасымен шахталық құрылыстың технологиялық циклдарында пайдалануға жол беріледі. Бұл ретте олар тазартылады, бейтараптандырылады, минералсыздандырылады (қажет болған жағдайда), зарарсыздандырылады.

147. Құрылыс салынған аумақта орналасқан құрылыс алаңынан шаруашылық-тұрмыстық ағындар елді мекеннің су бұру жүйесіне қосылады.

148. Жанар-жағар май материалдарын және битумды сақтауға арналған ыдыстар және қоймалау орны, құю, тарату орындары арнайы құрал-жабдықтармен жабдыкталады және топырақты ластанудан қорғауға арналған іс-шаралар орындалады.


*Жалғасы келесі нөмірде*



**Арнайы  
жағдайларда  
жазылуға  
үлгеріңіз**

## «ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – бұл нарықта теңдесі жоқ, күн сайын жаңартылатын, көп функциялы анықтамалық-сараптамалық жүйе, кадр қызметінің қызметкерлеріне, еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға, іс қағаздарын жүргізушілерге кешенді ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуге арналған; оған қолжетімділік Интернет арқылы тәулігіне 24 сағат бойы онлайн-режимде жүзеге асырылады.



**ТЕГІН ІШІНАРА  
ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ**  
[www.vip-kadry.mcfr.kz](http://www.vip-kadry.mcfr.kz)  
сайтынан алуға  
болады

**ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ-ндегі барлық ақпарат екі: мемлекеттік және орыс тілінде берілген.**

**«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – БҰЛ:**

- кез келген кадрлық құжаттаманы дайындау кезіндегі ақпаратшы және көмекші;
- сарапшылардың әр түрлі жағдайлар бойынша түсіндірмелері;
- кадрлық қызметті ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың үлгілері мен мысалдары;
- тұрақты жаңартылатын нормативтік база;
- қойылған сұрақтарға осы саладағы сарапшылардан өз уақытында жауап алу мүмкіндігі.

**Жазылуды**  
8 (727) **323-62-12/13/29** (ішкі 137) телефоны  
немесе e-mail: [callcentr@mcfr.kz](mailto:callcentr@mcfr.kz)  
бойынша ресімдеуге болады

## **Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидаларының жаңа редакциясы**

«Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы № 743 Қаулысы  
(2021.22.04 өзгерістер мен толықтырулармен)

### **Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидалары**

1. Осы Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 26-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді (бұдан әрі – мемлекеттік құпиялар) бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты беру тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бірлескен және басқа да жұмыстар – тапсырыс беруші мен тапсырысты орындаушы мемлекеттік құпияларды пайдалана отырып жүргізетін жұмыстар;

2) тапсырыс беруші – тапсырысы бойынша мемлекеттік құпияларды пайдалануға байланысты жұмыстар жүргізілетін мемлекеттік орган немесе ұйым;

3) тапсырысты орындаушы – орындау үшін мемлекеттік құпияларды пайдалану талап етілетін тапсырысты орындайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес (коммерциялық) ұйымдары немесе азаматы.

3. Тапсырыс берушінің бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды орындаушыға беруі мынадай ретте қарастырылады:

1) Заңның 15-бабына сәйкес тапсырыс берушінің мемлекеттік құпияларға билік ететін мемлекеттік органнан тапсырысты орындаушыға тиісті мәліметтерді және осы жұмыстарды орындау үшін қажетті көлемде ғана орындаушыға беру мүмкіндігі туралы жазбаша рұқсат алуы;

2) тапсырыс берушінің тапсырысты орындаушымен бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізуге шарт жасасуы;

3) тапсырыс берушінің тапсырысты орындаушы іс-әрекетті жүзеге асыратын жердегі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздік органдары) бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізуге жасалған шарт пен қажетті мемлекеттік құпияларды беру туралы жазбаша хабарлама жолдауы.



4. Тапсырысты орындаушыға мемлекеттік құпияларды беру мүмкіндігі туралы жазбаша рұқсат алу үшін тапсырыс беруші мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген мемлекеттік органның атына жазбаша сұрау жібереді.

Сұрауда:

1) басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген орындаушының толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы не жеке сәйкестендіру нөмірі, жұмыс (оқу) орны, атқаратын лауазымы мен тұрғылықты жері, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты берген орган көрсетіліп, азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) беру жоспарланған мемлекеттік құпиялардың тізбесі, оларды жеткізгіштердің атаулары, құпиялылық белгілері, есептік нөмірлері, даналар нөмірлері, құпия құжаттар немесе өзге де құпия материалдар парақтарының саны;

3) мемлекеттік құпияларды беру қажеттігінің негіздемесі;

4) мемлекеттік құпияларды беру жоспарланып отырған мерзімдер;

5) мемлекеттік құпияларды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге рұқсаттың және (немесе) лауазымды тұлғаның немесе Қазақстан Республикасы азаматының мемлекеттік құпияларға рұқсатының (нөмірі, күні, жарамдылық мерзімі және кім берген) болуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Сұрауға тапсырыс беруші мен тапсырысты орындаушының арасында жасалатын бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізуге арналған шарт жобасы қоса беріледі.

5. Басшысына мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу бойынша өкілеттік берілген мемлекеттік орган тапсырыс берушінің сұрауын ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарастырады және оның атына басшы не оны алмастыратын адам қол қойған мемлекеттік құпияларды тапсырысты орындаушыға беру мүмкіндігі туралы жазбаша жауап не мемлекеттік құпияларды тапсырысты орындаушыға беруге кедергі келтіретін себептерді көрсете отырып, дәлелді бас тарту жібереді.

6. Мемлекеттік құпияларды Қазақстан Республикасының ұйымдарына немесе азаматтарына беру тапсырыс беруші мен тапсырысты орындаушы арасында жасалатын бірлескен және басқа да жұмыстар жүргізуге арналған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші мен тапсырысты орындаушының арасында жасалатын бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізуге арналған шартта азаматтық заңнамаға сәйкес мынадай мәселелерді реттеу қажет:

1) жұмыстарды жүргізу процесінде де, олар аяқталғаннан кейін де мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша тапсырыс берушінің бақылауды жүзеге асыру тәртібі мен тапсырысты орындаушының жауапкершілігі;

2) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) қаржыландыру шарттары;

3) ұлттық қауіпсіздік органдарының мемлекеттік құпияларды пайдалана отырып жұмыстарды жүргізуге рұқсатының не лауазымды тұлғаның немесе Қазақстан Республикасы азаматының мемлекеттік құпияларға ресімделген рұқсатының (нөмірі, күні, жарамдылық мерзімі және кім берген) болуы туралы мәліметтер;

4) беру жоспарланған мемлекеттік құпиялардың тізбесі (тізбе бірлескен және басқа да



жұмыстарды жүргізуге арналған шартқа бөлек қосымша ретінде ресімделеді, онда берілетін құжаттардың (жеткізгіштердің) атаулары, құпиялылық белгілері, есептік нөмірлері, даналар нөмірлері, парақтарының саны көрсетіледі).

Бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізуге арналған шарттың нысанасы тапсырыс берушіге тиесілі, мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету болса, онда берілетін құжаттардың (жеткізгіштердің) атауларының орнына бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізуге арналған шартқа қызмет көрсетілетін ақпараттық жүйелердегі мемлекеттік құпияларды құрайтын айналымда жүрген мәліметтердің қысқаша сипаттамасы көрсетілетін еркін нысандағы анықтама қоса беріледі.

Бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізуге шарт жасасуға, сондай-ақ оның орындалуын бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшені тапсырыс берушінің басшысы айқындайды.

7. Мемлекеттік құпияларға билік ету өкілеттіктері берілген мемлекеттік органның өздерінің мемлекеттік құпияларын беру мүмкіндігі туралы жазбаша рұқсатын алғанға дейін бірлескен және өзге де жұмыстарды жүргізуге шарт жасасуға және мемлекеттік құпияларды беруге жол берілмейді.

8. Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындау шеңберінде тапсырысты орындаушы жүзеге асыратын мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі қызметті ұйымдастыру:

- 1) шетелдің қатысуынсыз жұмыс істейтін тапсырысты орындаушының;
- 2) бірлескен және басқа да жұмыстар орындалатын жердегі тапсырыс берушінің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес заңды (жеке) тұлғаларға қатысты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің;

4) іс жүзінде тапсырысты орындаушымен бір қалада (елді мекенде) орналасқан, шетелдің қатысуынсыз жұмыс істейтін және жарғылық капиталында мемлекет жүз пайыз қатысатын әрі мемлекеттік құпияларды қорғау саласында қызметтер көрсетуге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өкілеттіктер берілген басқа ұйымдардың (бұл жағдайда тапсырысты орындаушы іс жүзінде орындаушымен бір қалада (елді мекенде) орналасқан осы ұйыммен оның мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшесінің көрсетілетін қызметтерін пайдалану туралы шарт жасасады, бұл туралы уағдаласушы екі тараптың мемлекеттік құпияларды пайдалана отырып жұмыс жүргізуге рұқсатында тиісті белгі жасалады) бірінің мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелеріне жүктеледі.

Мемлекеттік құпияларды қорғау саласында қызметтер көрсету бойынша шарт жасалғаны туралы ұйым фельдъегерлік қызмет және арнайы пошта байланысы қызметінің филиалдарын жазбаша нысанда хабардар етеді.

9. Бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік құпиялардың қорғалуын бақылауды ұйымдастыру тараптар жасасқан шарттың ережелеріне сәйкес осы жұмыстарға тапсырыс берушіге жүктеледі.

Бірлескен және басқа да жұмыстардың барысында тапсырысты орындаушы өзіне алған мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі міндеттемелерді бұзатын болса, тапсырыс беруші тапсырыстың орындалуын бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтата тұруға, ал бұзушылықтар қайталанған жағдайда – мемлекеттік құпияларды пайдалана

отырып жұмыстар жүргізуге арналған тапсырыс пен рұқсаттың күшін жою және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселе қоюға құқылы. Бұл ретте тапсырыс беруші арқылы мемлекетке тапсырысты орындаушы келтірген материалдық зияны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алынуға тиіс.

10. Тапсырыс берушінің функциялары, меншік нысандары өзгерген, ол таратылған немесе мемлекеттік құпиялар пайдаланылатын жұмыстар тоқтатылған жағдайларда, егер бірлескен және басқа да жұмыстарға тапсырыс берушінің құқықтық мирасқорының көрсетілген мәліметтерді пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге өкілеттіктері болса, тапсырысты орындаушымен шартқа толықтырулар жасалып, осы құқықтық мирасқор көрсетіледі. Бұл ретте, тапсырысты орындаушы қызметін жүзеге асыратын жердегі ұлттық қауіпсіздік органын және мемлекеттік құпиялары пайдаланылатын болса, мемлекеттік органдар міндетті түрде жазбаша хабардар етіледі.

Тапсырысты орындаушының функциялары, меншік нысандары өзгерген, ол таратылған немесе мемлекеттік құпиялар пайдаланылатын жұмыстар тоқтатылған жағдайларда, тапсырыс беруші тапсырысты орындаушымен бірге мемлекеттік құпияларды және оларды жеткізгіштерді қорғауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады. Бұл ретте тапсырысты орындаушыға бірлескен және басқа да жұмыстарды жүргізу шартының шеңберінде берілген мемлекеттік құпиялар тапсырыс берушіге қайтарылады.

